Young pigs and some domesticated rabbits are susceptible to Atrophic Rhinitis, caused by Pm capsular type D. The syndrome is promoted by dermanecrotoxin named Pasteurella multocida toxin (PMT). The role of the toxin is crucial for adhesion. Atrophic rhinitis is characterized by facial distortion, turbinate bone distraction and retarded growth in young piglets.

In rabbits Atrophic Rhinitis is associated with Pasteurella multocida type A (type D may also be present). Mostly rabbits suffer from snuffles – acute chronic exudative rhinitis.

In Kazakhstan, infection with pasteurellosis mainly affects young calves.

Meat of infected cattle, however, can be processed and be used for food. Kazakhstani veterinary – sanitary standards consider processing of this meat for sausages and other meat products if muscular part of carcasses has no remarkable changes caused by infection, i.e. abscesses in the muscles.

The losses of farmers are made up of high rate of young animals' death. Hence, prompt and accurate diagnosis can prevent the damage to farming industry.

Various methods are used for identification of pasteurellosis. The vast majority of laboratories in Kazakhstan use classical methods of identification, i.e. microscoping, passage and bioprobe.

The differentiation of toxigenic Pasteurella multocida from non-toxigenic is based on activity of the toxin (guinea pig skin test, cell cultures assay, mice lethality test), immunological assays (ELISA, colony blot assay, Western blot) and a colony hybridization test, based on toxin gene.

Nowadays, modern and more rapid methods of pathogen identification are also available. Polymerase chain reaction (PCR) is one of the most handy techniques. PCR is based on synthesis of predetermined short strands of DNA or RNA, via two small specifically synthesized fragments (primers), by numerous amplification cycles.

Majority of PCR assays for Pasteurella multocida are developed to detect atrophic rhinitis (i.e. susceptible to serogroup A and D). Those primers are specialized on Pasteurella multocida toxin gene – ToxA detection.

Matherials and methods

The literature on the topic was observed in order to find DNA parts, which are only expressed in a virulent form of Pasteurella multocida.

Pasteurella multocida is an enigmatic pathogen, which converts into virulent form under the circumstances, which have not been clearly understood yet. Two main factors associated with Pasteurella multocida virulence are capsule protein and lipopolysaccharide.

As pivotal attribute of bacterial infection of the host is attachment to the cell, ligands that are responsible for that function are potential virulence factors.

Numerous genes are associated with Pasteurella Multocida's virulence. Study of Barbara J. May *et al.* showed that 104 genes in genome of Pasteurella multocida indicated as putative-virulence associated genes. Which is ~7% of the whole genome. Authors of this study consider pfhB1 and pfhB2 genes, which are 7845 and 11857 respectively, as potential carriers of virulence. Both share strongly homologous domains with filamentous hemagglutinin (fbaB) of B. pertussis, which is responsible for cell adherence of B. pertussis to the host cell. These proteins share several characteristics, which shows their role in virulence. The central region contains some integrin-binding motifs, which are involved in cell adherence in B. pertussis. In addition to that, carboxy-terminal domain has 66% homology to serum-resistance protein p76 of Heamafilus somnus. Presence of p76 confers resistance to opsonization, thereby increases pathogen survival in the host.

Results

The primers for filamentous hemagglutinin B1 and B2, Transferrin binding protein, OMP87 genes were designed using Clone manager© software. Selected primers were synthesized. The results are listed below.

Filamentous hemagglutinin B1 forwards 5' TGCGAGTATTACGCTACAAG Reverse 5' TGAACGTCGCTCTGTATAAC	length 20 bp length 20 bp	Tm 59 Tm 59	pos4926 pos5091C
filamentous hemagglutinin B2 forwards 5' ATCACAAGCCGGTGAATTAG reverse 5' TGTGTAAGCTGTACCAGAAC	length 20 bp length 20 bp	Tm 59 Tm 59	pos272 pos539C
nonspecific tight adherence protein D forwards 5'AAGTGATTACGCGCTTAGG reverse 5' CAATACATACCGACCACTAGG	length 19bp length 21bp	Tm 59 Tm 59	pos3011 pos3207C

omp87 forwards 5'AGCGAGCAACAGATAACG reverse 5'AGGCATGACTGTCACAAC	length 18bp length 18bp	Tm 59 Tm 59	pos146 pos261C
toxA forwards 5'CCTAAGCGAGGATGCTGATAAG reverse 5'TCAAGCTCCGATTGGTCAAG	length 22bp length 20bp	Tm 62 Tm 62	pos7017 pos7220C
trasferrin binding protein forwards 5'GCGATGACGGAATTGTCTTAAC reverse 5'GATTGTGAGCAGTATGCAGAAC	length 22 bp length 22 bp	Tm 61 Tm 61	pos3368 pos3463C
type IV fimbriae subunit forwards 5'ACACCTTCATCAACGATACG reverse 5'TGCGGTAATCATGTTAGTGG	length 20bp length 20bp	Tm 59 Tm 59	pos713 pos813C

Discussion and conclusion

Annealing with isolated DNA of Pasteurella multocida did not occur. Either small amount of DNA or unsuitable PCR machine program could be the cause of it. Further investigations are ongoing.

Sources:

1. Pasteurella multocida pathogenesis:125 years after Pasteur, M.Harper, JD Boyce, B. Adler, 2006.
2. Pasteurella multocida: Molecular biology, toxins and infection, K.Aktories, JHC Orth, B Adler et al. 2012.
3. Complete genomic sequence of Pasteurella multocida, Pm70, BJ May, Q Zhang, LL Li, ML Paustian, TS whittam, V Kapur, 2000
4. Pasteurella multocida and bovine respiratory disease, SM Dabo, JD Taylor, AW Confer, 2007
5. Virulence genes and antimicrobial resistance profiles of Pasteurella multocida trains isolated from rabbits in Brazil, TSP Ferreira, MR Felizardo, DDS Gobbi, CR Gomes, PHLN Filsner, M Moreno, R Paixao, JJ Pereira, AM Moreno, 2012.

Айдарбекова С.Т.

ОБЗОР ГЕНОВ ВИРУЛЕНТНОСТИ PASTEURELLA MULTOCIDA

Пастереллез повсеместно распространен в Казахстане. Патоген известен своим разнообразием вызываемых синдромов и заболеваний. Наиболее значимым из них, является гемморагическая септицемия. Традиционная диагностика пастереллеза занимае много времени. В этом исследовании, мы отбираем потенциальные гены вирулентности, для дальнейшего применения в постановки ПЦР.

Ключевые слова: Пастереллез, ПЦР, pasteurella multocida

Айдарбекова С.Т.

PASTEURELLA MULTOCIDA УЫТТЫЛЫҚ ГЕНДЕРІ

Пастереллез Қазақстанда кең тараған. Патоген түрлі симптомдар мен аурулар тудырады. Оның ішінде, Қазастан үшін гемморагиялық септицемияның маңызы зор. Әдетте, пастереллез баламасы көп уақытты талап етеді. Осы зерттеуде, біз, келешекте ПТР тұрғызу мақсатымен, Pasteurella multocida уыттылық гендерін қарастырамыз.

Кілт сөздер: Пастереллез, ПТР, pasteurella multocida

УДК 636.22/.28 612.018

Акмырзаев Н., Еспенбет Т.Т., Тлеуалиева Т.Е., Азизов К.А., Усенбеков Е.С.

Казахский национальный аграрный университет
МСХ РК АО «КАЗАГРОИННОВАЦИЯ»ТОО «КАЗ НИВИ»

АНАЛИЗ РЕПРОДУКТИВНОЙ ФУНКЦИИ КОРОВ ТОО «БАЙСЕРКЕ-АГРО» И ТЕРАПЕВТИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПРЕПАРАТА CIDR

Аннотация

Авторами работы проведен мониторинг воспроизводительной функции коров и телок случного возраста ТОО «Байсерке-Агро» в количестве 75 голов и по результатам исследования распространенность нарушений половой функции составила 30,6 %. Терапевтическая эффективность гормональной стимуляции половой функции у коров голштинской породы при анэструсе устройством CIDR составляет 53,8 %. Также, установлено лечебное действие прогестерона, который обостряет хронический скрытый процесс и обеспечивает эвакуацию гнойного экссудата из полости матки.

Ключевые слова: анэструс, гипофункция яичников, препарат CIDR, оплодотворяемость у коров.

Введение

При современной промышленной технологии производства молока животные поставлены в жесткие условия содержания, увеличены стрессовые нагрузки и предрасположенность к гинекологическим заболеваниям, усложнен индивидуальный контроль за состоянием функции размножения. Молочному животноводству наносит большой экономический ущерб – симптоматическое бесплодие у коров. Гипофункция яичников проявляется не только у первотелок, но и у коров вплоть до 3-5 лактации.

Причиной высокого индекса осеменения коров при нынешней технологии содержания и кормления является так называемый синдром «RepeatBreederSyndrome» (перегулы у коров).Широкая распространенность данного синдрома у коров связана с такими факторами: возраст животного, гормональная дисфункция у коров, ранняя эмбриональная смертнось, скрытые половые инфекции, генетические нарушения, анатомические дефекты половых органов, тепловой стресс, ятрогенные аборты. В результате воздействия этих отрицательных факторов, коровы при многократном осеменений остаются бесплодными и не оплодотворяются.

Зарубежные ученые эмбриональную смертность рассматривают в качестве одной из основных причин репродуктивных проблем у крупного рогатого скота, приводящих в результате к снижению показателей стельности. Известно, что показатели

оплодотворяемости обычно составляют 90%, а эмбриональная смертность является причиной 29-39% потерь после оплодотворения, большинство из которых (приблизительно 70-80%) происходит между 8 и 16-м днем после оплодотворения[1].

Фермерские хозяйства США для стимуляции воспроизводительной функции коров используют программы «Овсинх» и «Ко-Синх», где предусмотрено применение прогестагенов/прогестерона и инъекция гормона GnRH.Предварительная синхронизация и другиемодификации программы «Овсинх» направлены на повышение вероятностииндуцирования овуляции после первой инъекции GnRH и обеспечение лютеолиза и синхронизированной овуляции после введения простагландина и GnRH.Одной из простейших модификаций классической программы «Овсинх»является так называемая программа «Ко-Синх» (Co-Synch). Разница заключается в том, что вторая инъекция GnRHи искусственное осеменениеосуществляются в одно и то же время, т. е. через 48 часов после введенияпростагландина [2].

CIDR(Controlledinternaldrugreleasingdevice) –это лекарственное средство в форме капсулы, предназначенное для синхронизации охоты у коров, содержащее в качестве действующего вещества 1,38 грамм прогестерона, а в качестве вспомогательных веществ силиконовый эластомер.При введении лекарственного средства CIDR во влагалище, прогестерон с постоянной скоростью проникает черезслизистую влагалища в кровяное русло. Прогестерон ингибирует гипоталамо-гипофизарную систему, вследствие этого прекращается выделение гонадотропных гормонов: ФСГ и ЛГ, в результате чего не происходит созревание фолликулов и их овуляция. После извлечения CIDR из влагалища, уровень прогестерона в крови снижается в течение 4–6 часов,это в свою очередь обеспечивает созревание фолликулов и их овуляцию [3].

Анализ воспроизводительной функции коров МТФ ТОО «Байсерке-Агро» показывает, что в условиях гиподинамии и отсутствия активной стимуляции репродуктивной функции увеличивается количество коров с синдромом «RepeatBreederSyndrome», у которых не проявляются признаки половой охоты длительное время.

Целью исследования были изучение форму проявления симптоматического бесплодия у коров и разработка оптимальной схемы стимуляции половой функции с помощью устройства CIDR производства компании Pfiser и проведение мониторинга.

Материалы и методы исследования

Мониторинг репродуктивной функции и разработка оптимальной схемы стимуляции половой функции коров с помощью американского препарата CIDR проводились в условиях МТФ «Аркабай» ТОО «Байсерке-Агро» в рамках реализации программы «Научно-методическое обеспечение ветеринарно-санитарного благополучия и повышения продуктивности животноводства».

Исследование коров проводилось следующими методами: анализ записи журналов отела и искусственного осеменения, выявление коров с перегулами, ректальная пальпация половых органов, в отдельных случаях для уточнения диагноза использовали вагинальное исследование и УЗИ сканирование яичников. Анализ репродуктивной функции коров и телок случного возраста в количестве 75 голов показывает, что часто у коров встречается анэструс (13 голов), на втором месте нарушения функции яичников в форме (фолликулярная и лютеиновая киста яичников - 5, персистентное желтое тело - 4 и гипофункция яичников - 1, распространенность патологии матки (острый послеродовой эндометрит -3, хронический эндометрит -5, пиометра матки -1.

Лечение коров, больныххроническим эндометритом, острым послеродовым эндометритом проводилось по следующей схеме: паравагинально – ихглюковит в дозе 20 мл, интравагинально – тампоны (АСД 3 фракция и рыбий жир) в соотношении 1:10, массаж матки, внутримышечно окситоцин в дозе 60 ЕД,при послеродовом эндометрите для подавления патогенной мирофлоры использовали антимикробный препарат O-Tetra-ЛА

20% в дозе 40 мл внутримышечно, при гипофункции яичников коровам вводили сурфагон в дозе 10 мл внутримышечно, коровам с персистентным желтым телом вводили препарат – эстрофан в дозе 2 мл внутримышечно.

Диагноз анэструс животным поставили на оснований следующих клинических признаков: по результатам ректального исследования и УЗИ сканирования были выявлены признакиснижения функции яичников, уменьшение размера яичников, отсутствие созревающих фолликулов, на эхограмме структура яичника однородная, отсутствуют растущие фолликулы и желтые тела, у отдельных коров были выявлены одностороннее увеличение яйцепровода. У всех коров длительное время не было выявлено признаков половой охоты (анэструс).

Лечение коров с диагнозом «анэструс» проводили по следующей схеме: 0 день – введение во влагалище коров препарата EAZI-BREEDCIDR с помощью апликатора, 0 день – сурфагон в дозе 10 мл внутримышечно, 7 день – извлечение из влагалища коров устройства CIDR и введение эстрофана в дозе 2 мл внутримышечно. Через 72 часа после инъекции эстрофана, осеменение коров с признаками половой охоты ректоцервикальным способом. На 10 день из 13 обработанных животных у 7 голов были выявлены признаки половой охоты и они подвергнуты искусственному осеменению, а у 6 коров не было признаков половой охоты. Согласно схеме этим 6 коровам, у которых не быливыявлены признаки половой охоты повтроно вводили препарат сурфагон в дозе 10 мл внутримышечно. На 3-й день после инъекции сурфагона у коров проверяли наличие признаков течки, обратили внимание на характер влагалищной слизи, у трех коров были выявлены катаральное гнойное выделение из половых органов, которые не подвергались искусственному осеменению.

Заключение

По результатам гинекологического мониторинга коров и телок случного возраста МТФ ТОО «Байсерке-Агро» распространенность нарушений репродуктивной функции следующим образом: анэструс - 17 %, патологии яичников -13%, болезни матки - 12 %. При извлечении устройства CIDR из влагалища у 3 коров было выявлено обильное гнойное выделение из половых органов, которые в последующем остались бесплодными. Это свидетельствует, что гормон прогестерон, который равномерно выделяется из устройства CIDR в течение 7 дней обостряет хронический процесс и обеспечивает эвакуацию гнойного экссудата из полости матки. Конечная терапевтическая эффективность препарата CIDR была у коров с признаками гипофункции яичников 53,8 % и данный способ рекомендуем в качестве симптоматического лечения коров с диагнозом анэструс.

Литература

1. Sheldon M. Bovine fertility-practical implications of the maternal recognition of pregnancy. In practice 1997;Nov-Dec:546-556.

2. Cordoba MC., and Fricke PM.Initiation of the breeding season in a grazingbased dairy by synchronisation of ovulation. J Dairy Sci 2002;85:1752-1763

3. Shephard R.Investigation of a whole herd controlled breeding program usingGnRH and prostaglandin in commercial seasonally-calving dairy herds. AustCattleVet 2002;23 :24-28

Акмырзаев Н., Еспенбет Т.Т., Тлеуалиева Т.Е., Азизов К.А., Усенбеков Е.С.

«БАЙСЕРКЕ-АГРО» ЖШС СИЫРЛАРЫНЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ ЖӘНЕ CIDR ПРЕПАРАТЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕМДІК

Мақала авторлары сиырлар мен құнажындарға, барлығы 75 бас жыныстық қызметіне талдау жасаған және зерттеу нәтижелеріне сәйкес малдарда жыныстық қызметтің бұзылуының таралуы 30,6 % құраған. Голштеин тұқымдас сиырларында анэструс кезінде жыныстық қызметті қарқындатуға қолданылған CIDR препаратының емдеу тиімділігі 53,8 % құрайды. Сонымен қатар, прогестерон гормонының емдік қасиеті анықталған, аталған препарат созылмалы жасырын патологиялық үрдістерді асқындырып, жатыр қуысында жиналған іріңді экссудаттың сыртқа шығуын қамтамасыз етеді.

***Кілт сөздер*:** анэструс, жұмыртқалықтың гипофункциясы, CIDR препараты, сиырлардың ұрықтану қабылеті.

Akmyrzaev N., Espenbet T., Tleualieva T.E., Azisov K.A., Ussenbekov Y.S.

ANALYSIS OFREPRODUCTIVE FUNCTIONOF COWS LLP "BAYSERKE-AGRO" AND THERAPEUTICEFFICACY OF THE DRUGCIDR

The authors of the work carried out monitoring of reproductive function of cows and heifers of breeding age in the amount of 75 goals and the results of the study the prevalence of sexual dysfunction was 30.6%. The therapeutic efficacy of hormonal stimulation of sexual function in Holstein cows during anestrus CIDR device was 53.8%. Also, it sets the therapeutic effect of progesterone, which exacerbates chronic hidden process and ensures the evacuation of purulent exudate from the uterus.

Keywords: anoestrus, hypovarianism, drug CIDR, fertility in cows.

ӘОЖ 636.598:591.47

Алданазаров С.С., Исембергенова С.К., Жылкышыбаева М.М., Джунусова Р, Ж., Байтакова З.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАСЫ МЕН ДЕНЕ САЛМАҒЫНА ҚАРАЙ ЖАПОН ТҰҚЫМЫ БӨДЕНЕЛЕРІ ҚАНЫНЫҢ БЕЛОКТЫҚ ЖӘНЕ ФЕРМЕНТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ

Кілт сөздер: Жапон тұқымды бөдене, әтеш, мекиен, жалпы белок, альбуминдер, α–глобулиндер, β- глобулиндер, γ- глобулиндер, АСТ, мкмоль, АЛТ, мкмоль

Кіріспе

Қазіргі таңда жапон бөденелерінің жергілікті популяциясын өсіру технологиясы бойынша көптеген ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Солардың қатарында осы аталмыш құстардың өнімділік қасиеттерін анықтау керек, шаруашылыққа тиімді жағын қарастыруда ғылыми зерттеулер жүргізудің маңызы зор. Таңдалған ғылыми бағытқа сәйкес, біз жапон бөденелерінің жергілікті популяциясының, құс жасы мен салмағына байланысты қан көрсеткіштерін салыстырмалы түрде зерттеуді мақсат етіп қойдық [1]. Организмде үздіксіз жүріп жатқан алуан түрлі процестердің өзара үйлесімділігін қамтамасыз етуде қан

жүйесі маңызды рөл атқарады. Сондықтан, көптеген ғалымдар бұл жүйені түрлі ғылыми мақсатпен зерттейді.

Қан жүйесі және оның биохимиялық құрамының организм тіршілігінде алатын орны ерекше. Себебі, қан организмді түрлі инфекциядан қорғаумен қатар, газдарды, метаболизм өнімдерін және биологиялық белсенді заттарды тасымалдай отырып, организмдегі үздіксіз қызметтік байланысты қамтамасыз етеді. Қан организмде әртүрлі физиологиялық қызметтерді атқарумен қатар сыртқы және ішкі ортаның арасындағы маңызды байланыстырушы жүйе болып табылады[2]. Осыдан қан әртүрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен организмде туындайтын өзгерістерге жедел реакция береді. Сондықтан қанды организмнің физиологиялық күйінің бейнесі дейміз [3].

Жануарлар организмінде қан плазмасы белогының әр фракциясы әр түрлі қызмет атқарады. Альбуминдерге қоректік маңыз тән, олар белок синтездеу үшін қажет амин қышқылдарының қоры болып саналады. Альбуминдер белсенді майда дисперсиялы фракция құрайтындықтан жоғары биологиялық белсенділік танытып, организмдегі синтездеу процестерінде маңызды рөл атқарады. Гамма-глобулиндер болса, телімді қорғағыш заттардың (антиденелердің) көзі болғандықтан, организмнің ауыруға қарсы тұру (резистенттік) қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Кейбір ғылыми мәліметтер бойынша, бөденелердің жасушалық және гуморальдық факторларының көрсеткіштері үйректер мен қаздарға қарағанда өте жоғары екендігі байқалады [4,5,6].

Зерттеу әдістері және материалы

Зерттеу Алматы облысы, Іле ауданының Қарой ауылдық округінде орналасқан «Байболат» шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибе барысында бөденелерді 3 топқа бөлдік, әр топта 4 бастан (мекиен және әтеш) бөдене болды. Барлығы 12 бас бөдене. Қан құстың аш қарны кезінде, сондай-ақ, морфологиялық зерттеулер үшін сойылған құстардан алынды. Зерттеу барысында қанның биохимиялық көрсеткіштері анықталды.

Алынған қанды ұю процесінен қорғау үшін, қан құйылатын пробиркаға алдын ала бір тамшы гепарин ерітіндісін құйдық. Жалпы белок мөлшері «Витал СПб» реактивінің көмегімен, оның фракциялары (альбуминдер, глобулиндер) - нефелометриялық әдіспен «Вельд» реактиві арқылы, анықталды.

Кестелерде келтірілген материалдар «Biomet» компьютерлік бағдарламасы арқылы биометриялық өңдеуден өткізілді, сенімділік көрсеткіші $P < 0,05 - 0,001$.

Зерттеу нәтижелері

1-кесте Бөденелердің жасы мен салмағы

№	Жасы (күн)	Салмағы (г.)
1	35	134,7
2	35	125,7
3	35	92,5
4	35	133,9
5	50	164,9
6	50	156,7
7	50	134,9
8	50	137,5
9	65	216,2
10	65	226
11	65	198,2
12	65	195,8

Қан жүйесі құрылымының көрсеткіштері біздің зерттеулерімізде бөденелердің жасы мен салмағына қарай анықталды.

2-кесте 35 күндік бөденелер қанының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	35 күндік бөденелер	
	Мекиен	Әтеш
1	2	3
Жалпы белок, г/л	32,5 ±0,2	31,01 ±0,0
Альбуминдер, %	31,02±0,05	29,03±0,07
α– глобулиндер,%	7,8±0,10	9,5±0,02
β- глобулиндер,%	15,8±0,02	16,6±0,04
γ- глобулиндер,%	42,9±0,04	40,7±0,04
P < 0,01		

2- кестедегі алынған мәліметтерге қарағанда бөденелердің зерттелген тұқымы қанының биохимиялық көрсетіштерін құстардың жынысына байланысты салыстырғанда айтарлықтай өзгерістердің бары анықталды. Атап айтқанда, жалпы белок деңгейі мекиен бөденелерінде әтеш бөденелерінің қанынидағы көрсеткішке қарағанда 10 пайызға басым болды. Сондай ақ, мекиен бөденелерінің қанында альбуминдер көрсеткішінің үлесі 10 пайызды құрайды. Ал α және β глобулиндер мөлшеріне келетін болсақ әтеш бөденелерінің қанында мекиенге қарағанда 10 пайыз шамасында жоғары болғанын байқаймыз. Демек, бұл көрсеткіштен мекиен бөденелерінің организімінде аминқышқылдар алмасуының қарқындылығы мен резистенттілігінің басымдылығы байқалады. Әтеш бөденелердің қанындағы белоктық құрамының көрсеткіштері организімнің зат алмасу процесі қарқынының жоғары екенін айқындайды.

3-кесте 50 күндік бөденелер қанының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	50 күндік бөденелер	
	Мекиен	Әтеш
1	2	3
Жалпы белок, г/л	34,02 ±0,2	35,01 ±0,01
Альбуминдер, г/л	32,5±0,1	31,05±0,03
α– глобулиндер,%	8,5±0,3	9,1±0,1
β- глобулиндер,%	16,10±0,1	17,5±1,0
γ- глобулиндер,%	43,3±0,6	41,5±1,0
P < 0,01		

3- кестедегі келтірілген деректерге қарағанда құстың жасы мен өсіміне бөденелер организмінің қан жүйесі өте сезімтал келеді. Зерттелген көрсеткіштер деңгейінің бөдене дене салмағына байланысты жоғарылауы соның дәлелі. Атап айтқанда бөденелер қанының плазмасында жалпы белок мөлшерінің деңгейі 10 пайызға бірінші кестедегі көрсеткіштен басымдық танытқан. Глобулиндер көрсеткіші де қалыс қалмағаны байқалады. α – глобулиндер мекиен бөденелерінің қанында 10 пайызға артса ал әтеш бөденелерінің қанында бұл көрсеткіш тұрақталған. β- глобулиндердің үлесі 15 пайызды құрады. Бұл көрсеткіштер бөденелердің өміршеңдігі мен тез жетілгіштігінің дәлелі бола алады.

4-кесте 65 күндік бөденелер қанының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	65 күндік бөденелер	
	Мекиен	Әтеш
1	2	3
Жалпы белок, г/л	35,02 ±0,8	34,08 ±0,8
Альбуминдер, г/л	32,5±0,07	32,02±0,05
α– глобулиндер,%	8,50±0,10	10,15±0,02
β- глобулиндер,%	16,06±0,02	16,56±0,04
γ- глобулиндер,%	41,8±0,04	40,4±0,04
P < 0,01		

Белок фракциялары көрсеткіштерін салыстыра келсек мекиен бөденелердің қанында жалпы белок мөлшері әтеш бөденелермен салыстырғанда біршама жоғары болады. Ал, керісінше, әтеш бөденелердің қан плазмасында глобулиндер көрсеткіштерінің басымдылығы байқалды.

Қорытынды

Осы деректерді ескере отырып, жасы мен жынысына карай салыстырылып отырған бөденелер қанының белоктық құрамының көрсеткіштері негізінде әтеш бөденелеріне жоғары резистенттік тән және олар өсіру өңірінің экологиялық жағдайларына жақсырақ бейімделген деген қорытынды жасауға болады. Демек бұл құстардың өсу қарқындылығы мен организмінің қорғаныстық қызметі (альбумин), жалпы иммунитеттің қалыптасуы (γ-глобулин) жоғары болып табылады. Жоғарыда анықталған мағлұматтар бөденелердің қарқынмен тез өсіп жетілу қабілетін қан құрамалары көрсеткіштеріне қарай бағалауға болатынын айқындайды. Бөдене тұқымының өнімділік сапасының қан жүйесінің әрекетіне ықпалы балатыны негізделді.

Әдебиеттер

1. Махатов Б.М., Абрикосова В. И., Байбатжанов М.Х., Турымбетова Г.С. Биология разведения перепелов. – Алматы: Гарант, 2008. -27-33 б.
2. Несипбаев Т.Н. Адаптивные изменения процессов пищеварения у овец при разном кормлении //Известия МОН, НАН РК. Серия биологическая и медицинская. 2001, № 4, с. 72-76.
3. Рябиков А.Я. Возрастные колебания концентрации общего белка в сыворотке крови кур, уток и перепелов / А.Я. Рябиков, А.Л. Выставной, М.Г. Лидер, А.А. Шваб, А.А. Плехов, М.В. Харитонов // Тезисы докладов XVIII съезда физиологического общества имени И.П. Павлова. – Казань: КазГМУ, 2001. – С.419.
4. Риган В.Д. Атлас ветеринарной гематологий / В.Д. Риган, Т.Г. Сандрес.- М.: ООО «Аквариум ЛТД», 2000-196 с.
5. Рябиков А.Я. Влияние концентрата молочной сыворотки на показатели естественной резистентности и роста японских перепелов / А.Я. Рябиков, А.А. Шваб // Сибирский вестник сельскохозяйственной науки. — 2009, №11. С. 56-61.
6. Рябиков А.Я. Половозрастные особенности некоторых показателей естественной резистентности японских перепелов / А.Я. Рябиков, А.А. Шваб, А.А. Плехов // Проблемы нейрогуморальной регуляции физиологических функций висцеральных систем: Сб. статей научно-практической конференции, посвященной 100-летию со дня рождения Д.Я. Криницина. – Омск: ИВМ ОмГАУ, 2000. – С. 75-76.

Приведенный в статье экспериментальный материал, полученный в результате белкового состава сыворотки крови у перепелов японской породы позволил выявить их возрастные, половые и породные особенности.

В сравнительном аспекте исследован биохимический состав сыворотки крови у перепелов японской породы. По гематологическим показателям перепелов можно прогнозировать уровень продуктивности их в более раннем возрасте, а также точно оценить приспособленность породы к экологическим условиям разведения.

Presented in the article experimental material, got by a result of proteins composition of serum blood for the quail of the Japanese breed allowed to educe their features age-related, sexual, pedigree peculiarity. Making sure, that the haematological indexes of organism give an opportunity to forecast the level of the productivity of birds in more early age and exactly to estimate adjusted of breed to the ecological terms of breeding, in a comparative aspect investigational biochemical composition of serum blood for the quail of the Japanese breed.

ӘОЖ 619.614.31.637.636

Аязбаева Ж., Жұмагелдиев А.Ә., Ромашев К.М., Нұрғалиев Б.Е., Базарбаев Р.Қ.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

КЕКІЛІК ЕТІ - СІҢІМДІ, ҚҰНАРЛЫ ЕТ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

Андатпа

Мақалада саятшылар мен аңшылардың таңсық асы - кекілік етінің химиялық құрамы мен аминқышқылдарының мөлшері көрсетілген.

Кілт сөздер: кекілік еті, еттің химиялық құрамы, аминқышқылдары.

Кіріспе

Мемлекет басшысының 2014 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында айтылған ауыл шаруашылығын кең ауқымды жаңғырту тапсырмасы, соның ішінде мал шаруашылығының жемшөп базасын арттыру мен өнімнің экологиялық сапасын көтеру болса, 2013 жылы қабылданған салалық «Агробизнес-2020» бағдарламасымен өндірісті әртараптандыру, өндіріске замануи технологияларды енгізу, саланың өнімділігін жоғары техникалармен және технологиялармен қайта жабдықтау қарастырылған. Еліміздің ішкі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша таяудағы 10 жылға арналған Қазақстан Республикасының стратегиялық міндеттерінің бірі 80 %-ға дейін еліміздің ішкі тұтынудағы отандық өнімдер өндірісінің үлесін ұлғайту болып табылады. Осы салада құс шаруашылығының қосатын үлесі мол екені даусыз. Республикамыздағы құс шаруашылығының стартегиялық даму бағыты Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сай, нарықтық бәсекелестікке төтеп бере алатын жоғары сапалы құс өнімдерін: құс етін, тәуліктік балапандарды, инкубациялық жұмыртқаларды өндіру болып табылады [1]. Құс еті аса дәмді, сапалы болады. Олар құстың бұлшық ет талшықтарының морфологиялық ерекшеліктеріне және оның физикалық қасиеттеріне – нәзіктігіне және шырындылығына байланысты болады. Басқа жануарлар етіне қарағанда құс етіндегі бұлшық ет талшықтары жіңішкелеу және олардың аралығындағы жалғастырғыш талшықтар аз келеді [2]. «Сойылатын малдарды сояр алдындағы ветеринариялық тексеру және сойылғаннан кейін ұшаларын және ішкі органдарын ветеринариялық-санитариялық сараптау және оларды

санитариялық бағалау» Ережесі бойынша ауылшаруашылық құстарының барық түрлері сойысқа жатады [3]. Ал, кәсіби ауланатын құстар жөнінде, кекілік етінің сапасы, тағамдық қауіпсіздігі туралы мәселелер өз шешімін таппаған. Бірақ, аңшылар саятшылық өнімдерін саудаға шығаруда, ауыл тұрғындары, аңшылар кекілік етін тағам ретінде пайдалануда. Ол келеңсіз жағдайлардың туындауына себепкер болуы мүмкін. Сондықтан, қазіргі уақытта кекілік етінің химиялық құрамын, тағамдық құндылығын тексеріп, ветеринариялық санитариялық сараптаулар жүргізіп, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін анықтау қажеттігі туындауда.

Материалдар мен әдістер

Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының «өнім сапасы, қауіпсіздігі және ветеринариялық санитариялық сараптау» зертханасында және Қазақ тағамтану академиясының «Нутритест» зертханасында Оңтүстік Қазақстан облыстарынан әкелінген кекілік ұшасынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылама қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы, яғни ет құрамындағы ақзат, май, ылғал және күл мөлшері анықталды. Кекілік етінің құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері «Автоматтандырылған аминқышқылды анализатор» (ААА-881) көмегімен жүргізілді. Бұл жұмыстар «Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов» әдістемелік ұсынысы бойынша жүргізілді [4].

Зерттеу нәтижелері

Құс етінде мал етімен салыстырғанда дәнекер ұлпалар әлдеқайда аз, сондықтан ол оңай қорытылады және дәнекер ұлпалары нәзік, борпылдақ, ұша еттерінде біркелкі орналасқан. Құс денесінде май негізінен тері астына жиналған (құрсақта және төсте), ал іш майы ішек-қарын айналасында. Құс майының, басқа мал майымен салыстырғанда, балқу температурасы төмен яғни оңай сіңіріледі. Құс етінде 0,9-1,2 % экстрактивті заттар бар, олар етке өзіндік дәм береді, ас қорыту сөлдерінің бөлінуіне әсер етеді және еттің сіңімділігін жоғарылатады. Жоғары диеталық қасиеттерімен тауық және күрке тауық еттері ерекшеленеді, ал үйрек, қаз еттерінде май көп болғандықтан диеталық қасиеті төмен, бірақ қуаты жоғары. Кекілік пен тауық еттерінің химиялық құрамы салыстырмалы түрде 1-кестеде көрсетілген.

Кесте-1. Кекілік пен тауық еттерінің химиялық құрамы, г/100г есебімен (n=10)

Көрсеткіштер	Ақзат	Май	Ылғал	Күл	Көмірсулар	Энергетикалық құндылығы ккал/100г
Кекілік еті	18,5±0,5	19,6±0,3	60,4±0,5	1,1±0,06	0,4±0,02	252,0
Тауық еті	18,9±0,6	16,2±0,4	64,0±0,7	0,9±0,02	0	221,4

Зерттеулер нәтижесі бойынша кекілік етінің құрамында ақзат мөлшері 18,5 г/100г шамасында болса, салыстырмалы түрде алынған тауық етіндегі бұл мөлшер 18,9 г/100г көрсетті. Ағза ұлпаларының құрамына кіріп, энергия көзі ретінде, қорғану, құрылымдық және метаболизмдік қызметтер атқаратын май мөлшері кекілік етінде 19,6 г/100г болса, бұл мөлшер тауық етіндегі мөлшерден 3,4 г/100г жоғары болды. Биохимиялық үрдістердің жүруіне, етті сақтау мүмкіндігін арттыруда, микробиологиялық т.б. үдерістерде маңызды қызмет атқаратын ылғал мөлшері кекілік етінде 60,4 г/100г болса, бұл мөлшер тауық етінде 3,6 г/100г жоғары. Кекілік етіндегі күл мөлшері 1,1 г/100г болса, бұл мөлшер тауық етінде 0,9 г/100г болғандығы анықталды. Кекілік етіндегі көмірсу мөлшері 0,4 г/100г болды.

Кекілік етінің энергетикалық құндылығы 252,0 ккал/100г болса, тауық етінде 221,4 ккал/100г болып шықты. Яғни, ол тауық етіндегі мөлшерден 31,4 ккал/100г жоғары болып шықты.

Елімізде азаматтардың әл-ауқатын және өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру маңызды шаруа болып табылады. Осы мақсатты жұмысты іске асыру – халықты құнды, сіңімді, сұранысты өтейтін өнімдермен қамтамасыз ету болып табылады.

Еттің сіңімділігі, тиімділігі, тағамдық құндылығы ондағы аминқышқылдарының құрамы мен мөлшеріне байланысты. Ет құрамындағы ақзатта организмге қажетті барлық алмаспайтын аминқышқылдарының болуы, еттің толық бағалылығы болып табылады. Аминқышқылдарының организмде түзілетін тобы алмастырылатын, ал организмде түзілмейтін тобы алмастырылмайтын аминқышқылдары деп аталады. Организмде кейбір алмаспайтын аминқышқылы жетіспесе, онда сол қышқылдың биологиялық маңызына байланысты ағзада ауытқулар байқалуы мүмкін. Кекілік етінің құрамындағы аминқышқылдарының мөлшері тауық етінің құрамындағы тексерілген аминқышқылдарының мөлшерімен салыстырыла отырып 2-кестеде көрсетілді.

Кесте 1 Кекілік етінің аминқышқылдық құрамы, мг/100 г (n=10)

Көрсеткіштер	Аминқышқылдары	
	кекілік еті	тауық
Алмаспайтын аминқышқылдары	7443±3,6	7231±3,3
Валин	977±0,27	911±1,2
Изолейцин	885±0,25	720±1,1
Лейцин	1646±0,25	1466±1,5
Лизин	1517±0,2	1649±1,5
Метионин	529±0,07	489±0,5
Треонин	718±0,1	919±0,8
Триптофан	315±0,1	304±0,3
Фенилаланин	856±0,15	773±0,5
Алмасатын аминқышқылдары	10991±1,5	11607±3,7
Аланин	1125±0,12	1198±1,3
Аргинин	1098±0,15	1272±1,2
Аспарагин қышқылы	1688±0,2	1694±1,5
Гистидин	336±0,15	505±0,9
Глицин	1213±0,15	1399±0,8
Глутамин қышқылы	3044±0,5	2680±1,9
Оксипролин	195±0,12	157±0,9
Пролин	801±0,21	911±0,9
Серин	732±0,25	892±0,8
Тирозин	663±0,17	666±0,7
Цистин	96±0,1	233±0,3
Амин қышқылдарының орташа көрсеткіші	18434±1,4	18838±4,1

Кекілік етінде адам организміне қажетті барлық аминқышқылдары кездеседі. Олардың мөлшері салыстырмалы түрде тексерілген тауық етінің құрамындағы

аминқышқылдарының мөлшерімен салыстырылды. Сонымен, кекілік етінің алмаспайтын аминқышқылдары 7443 мг/100г болса, тауық етінің құрамындағы алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшері 7231 мг/100г тең болды. Яғни 212 мг/100г көп. Ал, алмасатын аминқышқылдары кекілік етінде 10991 мг/100г болса, бұл мөлшер алмасатын аминқышқылдарында 11607 мг/100г көрсетті. Ол 616 мг/100г кем екендігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Кекілік етінің химиялық құрамын анықтауда төмендегідей нәтижелер алынды. Кекілік етінің құрамындағы ақзат мөлшері тауық етінің ақзат мөлшерімен шамалас, май мөлшері 3,4 г/100г жоғары, ылғалдылық мөлшері 3,6 г/100 г төмен, күл мөлшері шамалас.

Амин қышқылдарының орташа көрсеткіші 404 мг/100г төмен болды.

Қорытынды

Жалпы алғанда кекілік етінің химиялық құрамы жөнінен үй құсы болып есептелетін тауық етінің химиялық құрамы бойынша шамалас екендігі көрінеді, энергетикалық құндылығы кекілік етінде 252,0 ккал/100г болса, тауық етінде бұл көрсеткіш 221,4 ккал/100г көрсетті. Организмге аса қажетті алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшері кекілік етінде 7443 мг/100г болса, таық етінде бұл мөлшер 7231 мг/100г көрсетті. Сонымен кекілік еті құнды, сіңімді тағамдық өнім болып табылады.

Әдебиеттер

1. С.Қырықбайұлы. Т.Телеуғали, А.Ә.Жұмагелдиев. Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы. Алматы 2013 ж.
2. Шуклин Н.Ф., С.Қырықбайұлы, А.А.Жумагелдиев. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация. Алматы 2011 г.
3. Журавская Н.К., Алехина Л.Г., Отряженкова Л.М. Исследование и контроль качества мяса и мясопродуктов. М.1995 г.
4. Позняковский В.М. Экспертиза мяса и мясопродуктов, качество и безопасность. – Новосибирск,- 2005 г.

Аязбаева Ж., Жумагелдиев А.А, Ромашев К.М.,
Нургалиев Б.Е., Базарбаев Р.Қ.,

МЯСО КЕКЛИКА – ЯВЛЯЕТСЯ КАЧЕСТВЕННЫМ И ПОЛНОЦЕННЫМ

В статье приведены данные результатов исследования химического состава, заменимых и незаменимых аминокислот мяса кекилика.

Ключевые слова: мяса кекилика, химический и аминокислотный состав мяса.

Ayazbaeva Zh., Zhumageldiev A.A., Romashev K.M.,
Nurgaliev B.E., Bazarbaev R.K.,

MEAT CHUKAR IS A QUALITY AND NUTRITIOUS

To the article data of results of research of chemical composition, replaceable and irreplaceable amino acids of meat of *chukar* are driven.

Keywords: meat of chukar, chemical composition of meat

ӘОЖ: 619.614.31.637.636

Әбдіраманова Б.А., Ромашев К.М., Жұмагелдиев А.Ә., Аққозова А.С., Бүркітбаева А.Н., Сабырбекова Ш.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СЕН-ПЛЕКС ЖАҢА МИНЕРАЛДЫҚ КОСПАМЕН АЗЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖЫЛҚЫ ҚЫМЫЗЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Андатпа

Мақаладажаңа минералдық коспаның жылқы өнімдеріне, яғни қымызғаәсерін анықтап, сипаттама беріледі және санитариялық көрсеткіштері тексеріледі.

Кілті сөздер: Қымыз, жылқы, ветсансараптау, бағалау, қоспа, сезімдік тексеру,иісі,дәмі.

Кіріспе

Жылқының сүті – бағалы тағам ретінде қолданылады,одан қымыз ашытады. Қазақтың ертедегі көшпелі өмірінде ауруға ем болып, сауға қуат берген осы қымыз. Бие сүтіндегіқант мөлшерін жаңа сауған сүттің дәмін тату арқылы білуге болады.Қымыздың құрамына кіретін түрлі заттардың бәрі де сіңімділігімен ерекшеленеді. Бие сүтінде «С» дәрумендері мол болғандықтан, оның емдік қасиеттері жоғары. Әсіресе туберкулез ауруынан емдеу үшін көп пайдаланады. Халық арман еткен сол қымыз қазір де елдің қалаулы тағамы, көптің сүйсініп ішетін сусыны. Биеден күніне орта есеппен 10-12 литр сүт сауылса, кейбір биелер 15-17 литрге дейін сүт береді. Биелерді 7-8 ай сауууға болады, сонда бие басынан жылына 1500-2000 литрге дейін сүт алынады. «Сауын саусаң бие сау, боз қырау түспей суалмас» деген мақал тегін айтылмаған болса керек. [1]

Қымыз—қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалысы. Қазақтың ұғымы бойынша ең дәмді қымыз ысталған ыдыста сақталады. Қымызды ағаш күбіге немесе торсыққа, сабаға ашытар алдында ол ыдыстардың ішін тобылғы түтініменыстап, ұстайды. Ысталған қымыз тәтті болуы үшін қымызға жылқының қазысын немесе жалын салып қойып, піседі. Қымызды пісетін таяқшаны піспек дейді. «Сабасына карай піспегі» деген мәтел сабаның үлкен-кішілігіне сай сөз тіркесі. Алғашқы қымызды, жинап, ауылдың қарияларын шақырып таттыру рәсімі «қымыз мұрыңдық» деп аталған. Сондай-ақ күзгі соңғы қымызды ауыл адамдарына таттыруды «сірге мөлдіретер» дейді. Ал ол ырымдар бие сүтінің мол болуын тілеуге, бата беруге арналған. Сүттің мол болуына әсер ететін факторлардың бірі құнарлы, минералды заттарға бай азықтармен үстеме азықтандырылуы. Ол малдың өнімділігін арттыра түседі.[2]Біз ғылыми жұмысымызды Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызының сапасына арнадық.

Материалдар мен әдістер

Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызының сапалылығын анықтау үшін біз тексеруге сынама алдық. Қымызды белгіленген ветеринариялық-санитариялық сараптау ережелеріне сай жүргіздік. Тексеруге әкелінген қымызды төмендегі кестемен тексеру жүргізілді:

1.Сынама алу.
2.Сезімдік зерттеу.
3.Қышқылдылығын анықтау.
4.Тығыздығын анықтау.
5.Майлылығын анықтау.

Қымызды сараптауҚазҰАУ-нің «Ветеринариялық санитариялық сараптау» кафедрасының зертханасында жүргіздік.Ыдыстағы қымызды араластыра отырып тексеруге

300 мл сынама алдық. Сынаманың түрін, түсін, иісін және консистенсиясын сезімдік көрсеткіштері арқылы анықтадық. Барлығы 5 сынамаға зерттеулер жүргіздік. Тексеру жалпыға белгілі, ветсансараптау ережелері мен талаптарына сай және мемлекеттік стандарттарда көрсетілген әдістермен жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Қымызда организмге қажетті микро макроэлементтердің барлығыда табылады. Сонымен қатар, қымыздың құрамында В дәруменімен бірге B_2, B_{12} дәрумендері де мол болады. Ал туберкулезбен ауыратын адамдардың организмінде дәрумен алмасуының бұзылатындығы да дәлелденген жайт. Олардың қымызбен емделгенде сауығып кететіндігі де сондықтан.

Қымыздың құрамында сүт қышқылы бар. Соған орай тағамның құрамындағы ақуыздардың, майлардың, әр түрлі қанттардың жақсы қорытылуына ықпал жасайды. Ал құрамындағы көмір қышқылы аздығына қарамастан ас қорыту бездеріне әсер етіп, қарын сөлінің бөлініп шығуын тездетеді. Қымыз ішкенде тәбеттің ашылатыны сондықтан.

Қымыздың құрамын және қасиеттерін сезімдік зерттеу кезінде алынған мәліметтеріміз бойынша қымыз сүт тәрізді ақ көгілдір түсі бар, біркелкі, газдалған, шайқалған кезінде көбік түзілетін, ащылау иісі мен дәмі болатын сұйық өнім. Тексеру нәтижелері төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген:

1- кестеСезімдік зерттеу нәтижелері

№	Сезімдік ккрсеткіштері			
	Дәмі мен иісі	Түсі	Консистенциясы	ВС бағасы
Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызы				
1	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
2	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
3	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Біртекті газдалған	Жарамды
4	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
5	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
Белгіленген күнделікті азықпен азықтандырылған жылқы қымызы				
1	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
2	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Біртекті газдалған	Жарамды
3	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды
4	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Біртекті газдалған	Жарамды
5	Қышқыл, өзіне тән	Ақ, көгілдір	Сұйық	Жарамды

2 –ші кестеден көріп отырғандай зертханалық зерттеу нәтижесінде жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызыныңтығыздығы 1,021±0,0002

г/см^3, қышқылдылығы 76,05±0,03°Т, май мөлшері 1,02±0,002%, спирт мөлшері 1,03±0,05% тең болды. Жаңа минералдық коспаны қолданылмаған жылқы қымызының тығыздығы 1,018±0,0003 г/см^3, қышқылдылығы 90,05±0,09°Т, май мөлшері 0,99±0,002%, спирт мөлшері 1,66±0,07% тең болды. Ғылыми жұмысымызды зерттеу барысында қымыздың сезімдік және зертханалық көрсеткіштері ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз» талаптарына сай келді.

2 –кесте. Зертханалық зерттеу нәтижесі

№ сынама	Көрсеткіштер			
	Тығыздығы, г/см^3	Қышқылдығы, °Т	Май мөлшері, %	Спирт мөлшері, %
Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызы				
1	1,020	70	1,01	1,01
2	1,021	75	1,0	1,05
3	1,019	80	1,05	1,05
4	1,020	75	1,07	1,02
5	1,021	80	0,97	1,05
Орташа көрсеткіш	1,021±0,0002	76,05±0,03	1,02±0,002	1,03±0,05
Белгіленген күнделікті азықпен азықтандырылған жылқы қымызы				
1	1,017	85	0,98	1,2
2	1,020	100	0,97	1,5
3	1,020	100	1,02	1,55
4	1,017	90	1,01	2,3
5	1,018	95	0,98	1,75
Орташа көрсеткіш	1,018±0,0003	90,05±0,09	0,99±0,002	1,66±0,07

Қорытынды

1.Зерттелген қымыз көрсеткіштері ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз» талаптарына сай келді.

2.Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылған жылқы қымызының майлығы мөлшерібелгіленген күнделікті азықпен азықтандырылған жылқы қымызымайлылығынан 0,03 % артық болды.

3. Ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша Сен-Плекс жаңа минералдық коспамен азықтандырылу тиімді. Жылқы қымызының майлығы жоғарлайды.

Әдебиеттер

1. Сейітов З.С «Кумыс и шубат» Алматы, 2005.- 285 б.
2. Дуйсембаев К.И. «Қымыз бен шұбат ауруға ем, сауға қуат» Қазахстан а.ш.,1965, №11, 10-12 б.
3. Телеуғали Т.М., Қырықбайұлы С «Мал дәрігерлік-санитарлық сараптау және мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы мен стандарттау негіздері», Алматы, Бастау, 1998.-354б.
4. Қырықбайұлы С.,Телеуғали Т.М., «Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы» Алматы, Агроуниверситет, 2007.-362б.

Абдраманова Б.А., Ромашев К.М., Жумагелдиев А.А., Аккозова А.С., Буркитбаева А.Н., Сабырбекова Ш.К.

САНИТАРНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ КУМЫСА ПРИНИМАВШИЕ В РАЦИОНЕ НОВУЮ МИНЕРАЛЬНО-КОРМОВУЮ ДОБАВКУ СЕН-ПЛЕКС.

В статье приведены данные результатов исследовании кумыса принимавшие в рационе новую минерально-кормовую добавку Сен-Плекс.

Ключевые слова: Кумыс, лощадь, ветсанэкспертиза, оценка,добавка, органолептические исследования, запах, вкус.

Abdramanova B.A., Romashev K.M., Zhumageldiev A.A., Akkozova A.S., Burkitbaeva A.N., SabyrbekovaSh.K.

THESANITARU INDEX OF KOUMISS WHICH HOSES WERE TAKING INADIET A NEW MINERALFEED SUPPLTMENTSEN- PlEX

The article presents the data results of research houmiss which horses were takinq in adiet a new mineral feedsuppltmentSen – Plex.

Key words: Mare's milk, horse, veterinary sanitary inspection, evaluation, supplement, organoleptic research, smell, taste.

ӘОЖ 619:614.31.

Байбулатова Ж.Б., Бүркітбаева А.Н.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СҮТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ АУЫР МЕТАЛЛ ТҰЗДАРЫН АНЫҚТАУ

Андатпа

Мақалада сүттегі ауыр металл тұздарының мөлшерін (қорғасын, мырыш, мыс) полярограф аппаратында анықталды. Зерттеу көрсеткіштері арқылы зертханаға түскен сүт сынамалары құрамында ауыр металл тұздарының жоқ екендігі анықталды.

Кілт сөздер: сүт, полярограф аппараты, қорғасын, мырыш, мыс.

Кіріспе

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарды толық және тиімді пайдалану, өндіріс қалдықтарын залалсыздандыру, олардан қажетті өнімдер өндіру қазіргі күннің өзекті мәселелерінің болып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанда ауыр металдар мен олардың қосылыстарын өндірумен айналысатын көптеген түсті металлургия өндірістері жұмыс істегендіктен, ауыр металдардың қоршаған ортаның нысандарына жиналуы, ал ол өз кезегінде тірі ағзаларға зиянды әсерін зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде.

Ауыр металдар дегеніміз - тығыздығы темірдің тығыздығынан (7,874 г/см^3) артық болатын түсті металдар тобы. Оларға мырыш, қорғасын, қалайы, марганец, висмут, мыс, сынап, сүрме, кадмий жатады. Ауыр металдардың көптеген қосылыстары, әсіресе, тұздары ағза үшін зиянды. Олар тағам, ауа, су арқылы ағзаға түскенде, ыдырамайды, кейбір мүшелерде (бүйрек, буын, бауыр т.б.) жинақталып, денсаулыққа айтарлықтай қауіп

төндіреді. Сондықтан да ауыр металдар тұздарының қоршаған ортадағы мөлшері белгіленген деңгейден аспауы керек [1].

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы қоғам мен табиғаттың өзара қарым- қатынасы негізінде біздің елімізде күрделі табиғат жағдайы қалыптасты. Адамның табиғатты өзгертуі өте қауіпті жағдайға айналды. Республикамыздың кейбір өңірлерінде тау- кен өнеркәсібі түсті металлургиялық кәсіпорындар молынан шоғырлана бастады. Сол себепті, ластағыш заттардың жалпы шығарындысы 345,5 мың тоннаны құрады. Бұл кәсіпорындарында қорғасын, мырыш, титан, магний, күкірт қышқылы, түрлі бағалы және сирек металдар, тау-кен жабдықтары, басқа да өнімдер өндірілетін [2].

Ауыр металдармен ластану қауіптілігі біріншіден, өндіріс орындарының қала территориясында орналасуымен, екіншіден, қаланың физика- географиялық орны және климаттық ерекшеліктерімен байланысты [3].

Материалдар мен әдістер

Сыртқы ортаның ауыр металдармен ластану көздері ауыл шаруашылығында қолданылатын пестицидтердің, тыңайтқыштардың және қалдық сулардың шөгінділері болып табылады. Қорғасын, кадмий, мышьяк және сынап тағам өнімдерінің дүние жүзілік саудасында тексерілетін компоненттердің қатарына кірген. Улылығы өте жоғары элементтердің (қорғасын, кадмий, мышьяк және сынап) деңгейі өндірістік шикізат пен тағамның нормадан асып кетуі Қазақстан территорияларында кездесіп тұрады. Осы мақсатта біз Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен сатылымға әкелінген ірі қарамал сүтінің құрамындағы ауыр металл тұздарының бар- жоқтығын тексердік.

Сүттегі ауыр металл тұздарының концентрациясы полярограф аппаратымен (қорғасын, мырыш, мыс) анықталды.

14.03-18.03.2011ж. аралығындағы зерттеу барысында келесі нәтежиелер алынды:



Таблица обработки результатов:

Эп-т	Имя граф.	Сх, мкг/дм³	Сср., мкг/дм³	Хср., мг/м³	δ,%	Δ, мг/м³
Pb	сут.3	0.0000	0.0000	-0.0000	25	-0.0000

1 сурет – Қорғасын элементіне тексеру нәтижесі



2 сурет – Мыс элементіне тексеру нәтижесі



3 сурет – Мырыш элементіне тексеру нәтижесі



4 сурет – Кадмий элементіне тексеру нәтижесі

Таблица обработки результатов:

Эл-т	Имя граф.	Сх, мкг/дм³	Сср., мкг/дм³	Хср., мг/м³	δ,%	Δ, мг/м³
Pb	контроль с д	1.5316	1.5316	0.0000	25	0.0000

5 сурет –Бақылау сынамасы

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Нәтижесінде полярограф аппаратында сүттен дайындалған сынама қойып анықтау барысында қорғасын, мыс, кадмий, мырыш жоқ екені анықталды (1-4 сурет).

Осыдан кейін фондық бақылау ерітіндісін тексеру барысында қорғасын, мыс, кадмий, мырыштың жоқ екенін байқадық (5 сурет).

Қорытынды

Зерттеу нәтежиелерінің қорытындысы бойынша зертханаға тексеруге түскен сүт сынамалары құрамында ауыр металл тұздарының жоқ екендігі анықталды. Ветеринариялық – санитариялық талаптарға және де Санитарлық ережеге сәйкес болды.

Халықты сүтпен қамтамасыз ету үшін сүттің қауіпсіздігін, жалғандылығын бағалау барысында сүтке сезімдік және физика- химиялық әдістерді пайдаланумен қатар құрамындағы ауыр металл тұздарын анықтау тексерудің дәлділігін арттырады.

Әдебиеттер

1. Гагарина Л. В. Качество молока и молочных продуктов в техногенной провинции Южного Урала. Уральск, 2004., стр 45-48

2. Методические указания по спектральным методам определения микроэлементов в объектах окружающей среды и биоматериалах при гигиенических исследованиях/ под ред. Ф. Ф. Эрисмана. — М: Медицина, 1987., стр 36-38.

3. Савич В.И., Оконская И.С. Определение уровня загрязнения почв и растений тяжёлыми металлами //Химизация сельского хозяйства 1992-№1-с 56-58

4. Справочник. Антибиотики, сульфаниламиды и нитрофураны в ветеринарии. Москва «Агропромиздат»1988г.

Байбулатова Ж.Б., Бүркітбаева А.Н.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОЛЕЙ ТЯЖЕЛЫХ МЕТАЛЛОВ В СОСТАВЕ МОЛОКА

В статье определены соли тяжелых металлов в составе молока. По результатом исследований видно, что показатели молока соответствуют Гос. стандартам. Проверенное молоко допускается к продаже.

Ключевые слова: молоко, полярограф, цинк, свинец.

Baibylatova Zh.B., Burkitbaeva A.N.

DETERMINATION OF SALTS OF HEAVY METALS IN COMPOSITION MILK

The article defines heavy metal salts in milk. On the result of investigations have suggested that indicators meet the State's milk. standards. The qualified milk is approved for the sale of an.

УДК 619:616-001:615.7

Батхиева Г., Имангалиев А. К.

Казахский национальный аграрный университет

ИСПЫТАНИЕ МАЗИ «БИОСЕПТИН» ДЛЯ ЛЕЧЕНИЯ БОЛЕЗНЕЙ КОПЫТ У КОРОВ

Аннотация

Выздоровление кобыл при указанных схемах с использованием препарата Гистерон как этиотропное средство лечения наступает на 16-21 дни после окончания курса лечения.

Литература

1. Иноземцев В.П., Бауков В.В., Балковой И.И. и др. Лазерное излучение как диагностика скрытого эндометрита у коров. //VI Всерос.науч.-прак.конф. по квантовой терапии.: Сб.труд.конф. –М.: ЗАО «МИЛТА-ПКП ГИТ», 2000. –С. 239-242.

2. Студенцов А.П., В.С. Шипилов, Никитин В.Я., Миролюбов М.Г., Субботина Л.Г., Преображенский О.Н., Хромцов В.В. Ветеринарная акушерства, гинекология и биотехника размножения. М.: Колос, -2000.493-с.

3. Гордон А. Контроль воспроизводства сельскохозяйственных животных. М.: Агропромиздат, -1988.- 416-с.

4. Дюсекенова Н., Джуланов М. Диагностика и лечение при эндометритах у кобыл Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Инновационное развитие ветеринарии в условиях интенсификации животноводства», посвященной 95-летию со дня рождения доктора ветеринарных наук, профессора Кадырова Н.Т.. Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина. 16-17 02. 2012 г.

5. Курманов Б.А. Морфологический состав влагалищной слизи верблюдиц в период полового сезона. Пути увеличения производства и повышения качества с/х продукции:

Тез.докл. XII науч.-практ. конф. мол. ученых и спец. /ВНИИМС, Оренбург СХИ – Оренбург, 1993 - С. 151-152.
6. Джакупов И.Т. Применение антиоксидантных препаратов для коррекции биохимического статуса и повышения воспроизводительной способности коров-первотелок Исследования, результаты. Научный журнал КазНАУ. 2010. №2 (046) С. 51-53.

Джуланова Н.М., Әлібек Е.Е., Дюсекенова Н.Т.,
Хизат С., Джуланов М.Н., Қойбағаров К.У., Байсуанова З.К.

СОЗЫЛМАЛЫ ІРІҢДІ-КАТАРАЛЬДЫ ЭНДОМЕТРИТПЕН АУЫРҒАН БИЕЛЕРДІ КЕШЕНДІ ЕМДЕУДІҢ ЭТИОТРОПТЫ ЕМДЕУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада созылмалы іріңді-катаральды эндометритпен ауырған биелерді кешенді емдеу кезінде Метрицеф,Тилометрин және Гистерон дәрілік заттарын қолдану жөнінде мәліметтер ұсынылған. Патогенетикалық және симптоматикалық емдеу әдістерін пайдалана отырып созылмалы іріңді-катаральды эндометритпен ауырған биелерді кешенді емдеу кезінде этиотропты зат ретінде Гистерон дәрі-дәрмегін үш қайтара қолдану емдеу үдерісінде ғана емес, экономикалық бағытта да тиімді болып табылады.
Кілт сөздер: эндометрит, емдеу жұмысының патогенетикалық, этиотропты және симптоматикалық әдістері.

Julanova N.M.,Alybek A.A., Dyusekenova N.T., Khyzat S.Julanov M.N.,
Koybagarov K.U., Baisuanova Z.K.

EFFICIENCY CAUSAL TREATMENT IN TREATMENT OF MARES WITH CHRONIC PURULENT-CATARRHAL ENDOMETRITIS

The article presents information on the drug Metritsef, Tilometrin hysteron and mares in the complex therapy with chronic purulent-catarrhal endometritis. When the complex treatment of mares with chronic catarrhal purulent endometritis, including pathogenic and symptomatic treatments for triple use of the drug hysteron as etiotropic means is effective in the therapeutic and economic terms.
Keywords: endometritis, pathogenetic, etiotropic and symptomatic therapies.

ӘОЖ 619:614.31.

Елеукен Ж.А., Құдайбергенова Ж.Н.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

СУДЫҢ САПАСЫН САНИТАРИЯЛЫҚ ГИГИЕНАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҒАЛАУ

Андатпа
Мақалада суды гигиеналық тұрғыдан бағалау арқылы судын сапасының қолданысқа жарамдылығын анықтаудың нәтижелері келтірілген.
Кілт сөздер:интенсивтілік,коли-титр,коли –индекс

Кіріспе

Су дегеніміз – қоршаған ортаның ең бір қажетті факторы,сусыз жер щарында тірі организмдер мен өсімдіктердің өсіп өнуі мүмкін емес.

Адамдар мен тірі жәндіктердегі малдардағы барлық физикалық,химиялық, биологиялық және басқа алмасу процестері су ерітіндісінде өтеді. Су мөлшерінің кемуі тірі организмге кері әсерін тигізеді.

Мысалы, мал организмінде -60-65%, балықта -80%, жерде өсетін өсімдіктерде -50-70 % су бар. Организмде су 2% кемісе, адам шөлдейді,8 % кемісе ,есі ауысып қалады, 10 % кемісе, көз алдына елес пайда болады, ал 3 күннен кейін шөлге қарсы тұра алмайды, өледі. [1,3]

Су адам денсаулығының кепілі екені бәрімізге белгілі. Қоғамдық өндірістің жедел дамуы, қалалардың урбанизациясы, халық санының тез өсуі, қоғамның тұрмыс жағдайының жақсаруы, халықтың мәдени деңгейінің өсуі осының бәрі судың қажеттілігін өсіреді және қолданылатын су экологиялық жағынан қауіпсіз болуы керек.

Сондықтан адамның барлық өмірі сумен тығыз байланысты, сондықтан да судың қажеттілігі үнемі өсіп отырады. «Ауру — астан» дейміз. Ал сол астың көпшілігі сусыз дайындалмайды.Тамақ ішпей бірнеше күн не апта жүруге болатын шығар, бірақ су ішпей жүру қиын. Минералдар мен микроэлементтерге толы судың адам өмірінде маңызы зор. Сондықтан да сапалы су ішкен өте пайдалы. Бірақ көп қабатты үйдің тұрғындары тұтынатын кәдімгі краннан ағып тұрған су қаншалықты таза? Себебі, краннан алған суды қайнатқан кезде шәйнекте қақ тұрып қалады. Сондай-ақ жарнамалары мықты құтыдағы сулардың «таза ауыз суы» екеніне кім кепіл? Өйткені бөтелкедегі сулардың бізге жеткенше дүкенде қанша уақыт тұрарын кім білсін. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ауыз суда патогенді микроағзалар болмауы керек [2,4]. Ауыз судың микроағзалармен ластануы су арқылы таралатын түрлі инфекциялық жұқпалы ауруларды тудыруы мүмкін. Сондықтан да суға жүргізілетін бақылаудың маңыздылығы алғашқы орында. Санитарлық-химиялық құрамы бойынша ауыз суда түрлі қосылыстар концентрациясының болуы шарт. Су сапасына баға берген кезде оның табиғаты ғана емес, оның химиялық жағдайы, сутектік көрсеткіші, жалпы тұтқырлығы, құрамындағы темір, фтор, нитраттар тобы, құрғақ қалдық және басқа да жағдайлары ескерілуі керек?

Табиғатта мөлдір таза су кездеспейді.Оның құрамында өзінің сұйық бөлшектерінен басқа механикалық қоспа,химиялық элементтер және әр түрлі бактериялар болады,сондықтан тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету кезінде,су тұтынушыларға жеткенше технологиялық процеспен тазаланады.

Ішетін су барлық санитарлық тазалық сақтау талабына сай болған жағдайда ғана өзінің физиологиялық қызметін орындай алады. Тазалығы жөнінен су мөлдір, иісі дәмі жоқ болып, ең бастасы, құрамында ағза үшін зиянды химиялық заттар және ауру туғызатын микробтар болмауы тиіс. сонымен қатар, адам үшін судағы еріген химиялық заттардың құрамы мен мөлшерінің де мәні зор. Ішетін судың құрамында хлордың, темірдің, күкірттің марганецтің, мыстың, мырыштың және басқа да химиялық заттардың қоспалары бар [1,5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Ветеринарлық-санитарлық сараптау және гигиена» кафедрасының зертханасында жүргізілді.Табиғи судың сапасы физикалық, химиялық және микробиологиялық көрсеткіштер арқылы анықталды. Сынамаға құдық суы, өзен және құбыр суы алынды.

Судың физикалық көрсеткіштері бойынша түсі, иісі, дәмі, мөлдірлігі анықталды.

Судың химиялық құрамы бойынша аммиак, нитритті, нитрат анықталды.

Ауыз сулар Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы жылдың 18 қаңтардағы №104 Қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су нысандарының қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерінің талаптарына сәйкес болуы керек.Осы талапты ескере отырып судың жалпы физикалық,химиялық құрамы бойынша

зерттеулер жүргіздім. Судың физикалық көрсеткіштері белгіленген нормалар бойынша судың жағымды органолептикалық қасиеттері болуы керек. Былайша айтқанда, ол мөлдір,түссіз, температурасы белгілі деңгейде иіссіз және жағымсыз дәмі болуы керек.

Судың иісін лабараторияда 20-40 С қыздыру арқылы анықтадық. Ол үшін колбаның 2/3 бөлігіне суды құйып, колбаны тығынмен тығындап, шайқап 20 С –та анықталды. Содан кейін сол сынама суды 40 С-қа дейін қыздырып болған соң, жаксылап шайқап шыны тығынды жылжыту арқылы иісін анықтадық. Судың сынамасынын иісінің интенсивтілігі баллмен белгіленеді. Өте әлсіз-; әлсіз-2; елеулі-3; айқындау-4; өте күшті-5 балл.

Судың дәмін анықтау үшін 15 мл-ге жуық суды ұрттап,бірнеше секундта ауызда ұстап, оны жұтпастан дәмін анықтадық. Судың дәмі негізінен мынандай болып келеді: қышқыл, ащы тұзды, тұзды, тіл үйіретін, сілтілі, тәтті.

Судың түсін екі цилиндрге құйылған дистильді және зерттелінетін судың түсін салыстыру арқылы анықтадық. Су түссіз,ашық сары,қою сары болуы мүмкін. Жақсы ауыз су түссіз болуы тиіс. Судың мөлдірлігі ондағы органикалық немесе минерал текті ұсақ бөлшектердің барлығына байланысты. Судың мөлдірлігін жуандығы 1-2 мм сым темірден жасалған,диаметрі 1-1,5 см дөңгелек сақина арқылы анықтаймыз. Сақинаны зерттелетін суы бар цилиндрге оның кескіші көрінбегенге дейін батырады. Сонан кеиін дөңгелек сақина анық көрінгенше біртіндеп көтеріп,оның тереңдігін см есебімен өлшедік. Оны Снеллен шрифті бойынша көрсеткішке теңестірдік. Нәтижесінде судың мөлдірлігі 30 см болса жақсы, ал10- 30 аралығында пайдалануға жарамды дегенді білдіреді.

Аммиакты анықтау. Суда альбумойдты және минерал текті аммиак кездеседі. Судағы аммиактың бар жоғын анықтау үшін пробиркаға 10 мл зерттелетін суды құйып,6 тамшы сегнетті тұздың 50% ерітіндісін 6 тамшы Несслер ерітіндісін қосып ,сынаманы араластырдық. Судың сарғыш түске боялуы аммиактың барын көрсетеді. 10 минут өткен соң калориметриялық таблицаны пайдалана отырып,сынаманың түсінің өзгеруіне қарай 1л судағы аммиактың мөлшерін анықтадық.

Нитритті анықтау. Нитриттің бар жоғын анықтау үшін пробиркаға 10 мл зерттелетін суды алып, 10 тамшы Грисс ерітіндісін құямыз да 70-80 С 5 минут қыздырамыз. Қызғылт түстің пайда болуы нитриттің барын білдіреді.

Нитратты анықтау. Судағынитраттың бр жоғын анықтау үшін 1 мл зерттелетін суды таза прбиркаға құйып,үстіне 2 мл күкірті қышқылдың дифенилаланинмен қоспасын қосамыз. Егер нитрат бар болса ерітінді көк түске боялады.

Хлоридті анықтау. Пробиркаға 10 мл зерттелетін су құйып оған ерітілген азот қышқылының 2 тамшысын және 3 тамшы азот қышқылды күмісті қосамыз. Ақ бұлыңғыр судың пайда болуы хлоридтің барын білдіреді.

Судың микробиологиялық және ластану көрсеткіштерін анықтау.

Микрбтың жалпы санын анықтау.Ластану дәрежесіне байланысты зерттелетін суды 1:10000 дейін сұйытылған және сұйытылмаған судан 1 мл-дент алып Петри аяқшасына қоректік ортаға егеді.24 сағатқа 37^0С қоямыз.

Ішек таяқшасын анықтау. Судың құрамында ішек таяқшасының болуы, тек судың нәжіспен ластанғанын емес, сонымен қатар мал мен адам ішегінде тіршілік ететін басқа да қоздырушының бар екендігін көрсетеді.

Оның ластануын 2 түрлі көрсеткішпн анықтауға болады.

А) Коли титр-1 ішек таяқшасына тиесілі зерттелетін судың ең аз мөлшері.Су құбырларындағы су үшін коли титр 333 мл болуы тиіс,ал құдықтағы су үшін 100 мл-ге дейін жарай береді.

б) Коли –индекс-1 л судағы ішек таяқшалар саны.Құдықтағы су үшін 10-ға дейін бола береді,ал құбырдағы суда 3 тен аспауы қажет.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Судың физикалық көрсеткіштері нәтижесі 1- кестеде келтірілген.

1-кесте – Судың құрамын физикалық көрсеткіштері бойынша бағалау

№	Судың физикалық қасиетін зерттеу	Су түрлері		
		Құбыр	Өзен	Құдық
1	Мөлдірлігі	Мөлдір	Бұлыңғыр	Жеңіл бұлынғыр
2	Иісі	Өте әлсіз-1	Ашық сары	Өте әлсіз-1
3	Дәмі	Тіл үйіретін	Тұзды	Тәтті
4	Түсі	Түссіз	Қою сары	Ашық сары

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей сынамаға алынған үш түрлі су сынамасының ішінен құбыр суының көрсеткіштері талаптарға сәйкес, яғни мөлдір, иісі өте әлсіз, дәмі тіл үйіретін, түссіз болды. Ал, қалған екі су сынамалары түсі және мөлдірлігі жағынан шекті мөлшерден жоғары болды.. Құбырдан алынған судың физикалық қасиеттерін анықтау барысында жоғарғы көрсеткішке ие екені анықталды. Алайда, осы алынған су сынамаларына химиялық және бактериологиялық зерттеу жүргізілді.

2-кесте – Судың құрамын химиялық көрсеткіштері бойынша бағалау

№	Химиялық көрсеткіші бойынша зерттеу	Су түрлері		
		Құбыр	Өзен	Құдық
1	Амммиак	0,003	0,4	0,008
2	Нитрит	0,4	0,001 ден аз	жоқ
3	Нитрат	жоқ	0,5	жоқ
4	Хлорид	жоқ	бұлыңғыр	бар

Кестеде көрсетілген зерттеу нәтижелері бойынша судың химиялық заттармен ластану дәрежесін анықтайды. Өзен және құдық суының құрамында аммиак мөлшері щамадан тыс, ал құбыр суы химиялық құрамы бойынша қолданысқа жарамдылығын көрсетті. Судағы аммиактың шекті мөлшері 0,005-0,2 мг/л, ал нитрит 0,004-0,002 мг/л, нитрат 45мг/л, хлоридтер 350 мг/л болады.

3-кесте – Судың құрамын микробиологиялық көрсеткіштері бойынша бағалау

№	Микро биологиялық көрсеткіші бойынша зерттеу	Су түрлері		
		Құбыр	Өзен	Құдық
1	Коли -титр		83	90
2	Коли -индекс	-	12	11

Судың ішек таяқшалармен ластануы өзен және құдық суында жоғарғы дәрежені, яғни белгіленген нормадан асып кеткендігін байқауға болады. Сондай-ақ құбыр суында ішек таяқшалары мүлдем табылған жоқ.

Қорытынды

Зерттеуге алынған су сынамалары физикалық көрсеткіштері мен химиялық құрамы бойынша бір-біріне ұқсамайтын көрсеткіштер көрсетті. Су сынамаларының ішінен құбар суы ғана барлық көрсеткіштері бойынша жақсы нәтиже көрсетті, яғни құбырдан алынған су айтарлықтай гигиеналық талаптарға сай боып шықты. Физикалық және химиялық құрам

бөліктері бойынша қалған екі судың көрсеткіші белгіленген шекті мөлшерге сай нормаларды көрсете алмады.

Әдебиеттер

1. Мырзабеков Ж.,Ибрагимов П М91-Ветеринариялық гигиена.Оқулық.-Алматы: «Білім сапасы»,2005 –С – 124

2. Гершун В.И Муслимов Б.М Г 37 Ветеринарная гигиена.Учеб пособие.-Алматы :Каинар,1994-С-72

3. Қадырбаев Ә.,Ауланбергенов Ә «Гидравлика негіздері және ауыл шаруашылығын сумен қамтамыз ету:жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: «Білім»,1996 -С-74

4. Ақжанов,Ә.А. Су және ауыл шаруашылығы экономикасы : оқу құралы / Ә.А. Ақжанов, Ә.Т. Әймен; ҚР білім және Ғылым М-гі, М.Х. Дулати атын. ТарМУ.- Алматы: Эверо, 2009.- С-54

5. Алыбаева,Р.А. Құрлықтық және су экожүйелерін қорғау : оқу құралы / Р.А. Алыбаева.- Алматы: Бастау, 2013.- С-133

Елеукен Ж.А., Құдайбергенова Ж.Н.

САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ВОДЫ

В статье приведены примеры определения результатов качество воды в примерении по гигиеническим оценкам.

***Ключевые слова**:* интенсивность,коли-титр,коли индекс

Eleuken Zh.A,. Kudaibergenova Zh.N.

SANITARY HYGIENIC ASSESSMENT OF WATER

The proverb exemplifies the determination of the results of water zxcvbnm quality in the reconciliation of hygiene scores

***Key words**:* intensity, if the titer, if the index

ӘОЖ: 611.08:57.089.36:636.2(045)

Жумабекова Ш.Қ., Аймақов О., Әбдірахманов Т.Ж.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

СИЫРЛАРДЫҢ ЖАТЫРЫНАН ДАЙЫНДАЛҒАН ҰЛПАЛЫ ПРЕПАРАТТЫҢ ФИЗИКО - ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезеңде акушерлік -гинекологиялық ауруларға ем ретінде қолданылатынұлпалы препаратты сиыр жатырынан дайындап, оның организмге зиянсыздығы және физико- химиялық құрамы анықталғандығы көрсетілген.

***Кілттік сөздер*:** эндометрит, іріңді катаралды эндометрит, ұлпалы препарат, биохимиялық зерттеулер.

Кіріспе

Малшаруашылығын өркендетуауылшаруашылығының дамуына, оны нығайтуға үлкен үлесін қосады. Өткен ғасырдың 1992-1998 жылдары мал басы күрт төмендеп, малшаруашылығынан түсетін шикізат пен тағамдық өнімдер мөлшері азайды. 1990-2000 жылдар аралығында ет өнімдері 58%, сүт өнімдері 31% төмендеді. Қазіргі кезде мал шаруашылығына көп шығын тудыратын бірқатар гинекологиялық аурулар бар, соның ішінде эндометриттердің түрлері үлкен экономикалық шығын әкеледі [1, 2].

Т.Ж. Әбдірахмановтың 20 жылдан астам уақыт жүргізген зерттеулеріне сүйенер болсақ (1990-2010ж.ж.) Ақмола облысы шаруашылықтарында эндометриттер кең тарап, 30% және одан жоғары деңгейді қамтиды. Осыған орай эндометриттердің алдын - алу шаралары уақытылы жүргізілмеу нәтижесінен шаруашылықтарда сиырлардың эндометритке шалдығуы жоғарлағаны баяндалған [3].

В.П. Иноземцев және басқаларының мәліметтері бойынша сиырлардың акушерлік – гинекологиялық аурулары ішінде туудан кейінгі эндометриттер басым болады, жалпы бұзаулағандар санының 47,1±13,9% қатынасында [4].

Жатыр қабынуына әртүрлі факторлар себеп болады, бірқатар ғалымдар туудан кейінгі эндометриттердің негізгі себептерінің бірі малдарды дұрыс азықтандырмау мен ұстау болып табылады, олар зат алмасуын бұзады. Сондықтан, органикалық байланыстар мен микроэлементтер кешені ретіндегі гемовит - плюсті пайдалануды ұсынады. Бұл препарат эндометриттің алдын алуға көмектеседі (Д.Пчелников, В.И. Дорожкин, В.А. Бабби).

Эндометриттің жіті түрін емдеуден кейін, клиникалық белгілеріне қарап емдеуді тоқтатса, әдетте эндометриттің жасырын түріне ауысады. Бірнеше ғалымдардың мәліметтері бойынша оның 19,86% - дан 30,0% - ға дейін көтерілгені тіркелген , сонымен қатар ұзақ бедеу болған сиырларда 57,5-76,7%-ға дейін кездескен [5].

Эндометриттер этиологиясына қарамастан жануарлар 6 айға дейін бедеу болып қалады, ал кейбір жануарлар организмінде қайтымсыз өзгерістер бой алады [6].

В.М. Лукьяненко, И.Ф. Малиновский, Ю.Е. Баталин сервис-кезеңнің ұзақ болуы мен бұзау алудың төмендеуі қолдан ұрықтандыру кезінде жыныс жолдарына енгізілетін спермийлерге деген иммунды жауапқа байланысты екенін баса айтқан, бұл әсіресе эндометриттен зардап шегетін жануарларда 2-3 есе күшейеді де қайтымсыз бедеулік түрлеріне әкеліп соғады, бұған ұқсас нәтижелер туралы өз зерттеулерінде Klucinski W., Targowski S.P., Winnicka A., Miernik-Degorska E.баяндаған [7].

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғалымдары ұсынған. Сиырлар жатырының қабыну сипатындағы ауруларындағы емдік профилактикалық

шаралардың кешенді жүйесі құрамына этиотропты зат ретінде ЭДО-3 аппараты көмегімен алынатын натрий гипохлоридін 600-900 мг/л мөлшерінде қосу ұсынылған (И.Т. Жақыпов, Т.Ж. Әбдірахманов, Д.И. Доманов, В.А. Конухов, Г.А. Абулгазимова, С.А. Кулешов, 2007 ж.)[8]. Т.Ж. Әбдірахмановтың (2002) мәліметтері бойынша сиырлардың іріңді катаральды эндометриті кезінде кешенді этиопатогенетикалық терапияда антигистаминді қан сарысуын, окситоцин, фуразолидон таяқшаларын және бициллин-5 бірге қолдану жатыр микрофлорасына бактерицидті әсер етеді, 100% сиырлардың аурудан айығуына әкеледі, емдеу мерзімін, сервис - кезеңін қысқартады, ұрықтану көрсеткішін жоғарылатады.

М.А. Багманов сиырлардың эндометриттерін емдеуге және алдын алу үшін “ хориофаг ” - ерекшелікті бактериофагы бар плацентаның экстрактын ұсынды. Оны сиырға парареклалды шұңқырлардың борпылдақ клетчаткасына екі жақтан жартылай дозасын 0,1мл 1 кг тірі салмағына есеппен 5-6 рет арасына 48 сағат салып егеді. Антигистаминді қан сары суын сиыр төлдеу және төлдеуден кейінгі 50 мл мөлшерде тері астына екі рет егу төлдеуден кейінгі иммунодефициттің алдын алуға әкеледі (Т.Ж. Әбдірахманов). В.В. Мосин бойынша блокаданы антимикробтық заттармен қолдану жақсы нәтиже береді (А.Г. Шехватов) [8,9].

Жоғарыда айтылып кеткен проблемаларға орай ғылыми зерттеудің мақсаты болып сиырдың жатырынан дайындалған ұлпалы препараттың физико – химиялық қасиетін анықтау. Осы мақсатты орындау үшін келесі мәселелер қойылды.

1. Ұлпалы препаратты хромотографиялық әдіспен зерттеу;
2. Ұлпалы препаратқа көлденең электрофорез әдісін жүргізу;
3. Ұлпалы препараттағы биохимиялық көрсеткіштерді анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары 2015 жылыСәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Физика және химия» кафедрасының «Биологиялық белсенді заттарды физика химиялық зерттеу әдістері» ғылыми зерттеу зертханасында, «Ветеринарлық медицина» кафедрасының биохимиялық зертханасында, орындалды.

Ұлпалы препаратты жыныстық жағынан жетілген сау сиырдың жатырынан дайындадық. Дайындау әдісі ретінде «Ветеринарлық медицина» кафедрасының ғалымдары ұсынған әдіс қолданылды. Ұлпалы препараттың зиянсыздығы мен уыттылығын анықтау мақсатында 5 зертханалық ақ тышқандарға құрсақ қуысынан 0,5 мл көлемінде препаратты енгіздік. Он күн тышқандарды бөлек ұстап, бақылау жасадық. Нәтижесінде тышқандардан ешқандай патология байқалмады.

Ұлпалы препараттың құрамында қандай заттардың бар екендігін анықтау үшін зертханалық жағдайда экстракция және хроматография әдістерін қолдана отырып, әртүрлі химиялық реагенттерді пайдаланып, олардың бірнеше фракциялары бөлініп алынды. Бөлініп алынған фракциялардың физико – химиялық қасиетін анықтау үшін көлденең электрофорез, сонымен қатар бағаналы және жұқа қабатты хроматография әдістері жүргізілді. Ұлпалы препараттың биохимиялық құрамын анықтау үшін «BioChem FC-200» биохимиялық анализаторымен анықталды.

Зерттеу нәтижелеріжәне талдау

Әмбебеп pH метр көмегімен ұлпалы препараттың pH ортасын анықтадық. pH- 6,0 көрсетті. Яғни бұл ұлпалы препараттың әлсіз сілтілі екендігін көрсетеді.

1- кесте. Ұлпалы препараттың құрамындағы анықталған аминқышқылдары

Р/с	Аминқышқылдар атауы	Аминқышқылдар көрсеткіші	Ұлпалы препараттағы аминқышқылдар
1	Аспарагин	0,23	---
2	Глутамин	0,25	---
3	Лизин	0,30	---
4	Гистидин	0,36	---
5	Аргинин	0,43	---
6	Триптофан	0,56	---
7	Треонин	0,59	---
8	Аланин	0,61	0,61
9	Серин	0,62	---
10	Аспаргил қышқылы	0,68	---
11	Цистеин	0,70	0,70
12	Глутамин қышқылы	0,75	0,76
13	Валин	0,81	---
14	Метионин	0,93	0,92
15	Изолейцин	0,95	---
16	Лейцин	0,98	---
17	Фенилаланин	0,99	---

1- кестедегі мәліметтерде ұлпалы препарат құрамында аланин, аспаргил қышқылы, глутамин қышқылы, метионин аминқышқылдарының кездесетіндігі көрсетілген.



1- сурет Тікелей электрофорездің нәтижесі

1- суретте ұлпалы препарттың белоктық құрылысын және молекулярлық массасын анықтау үшін тікелей электрофорез 12,5 % полиакриламидті гелде жүргізілді. Нәтижесінде 50кДа, 36кДа, 30кДа, 20кДа белоктардың молекулярлы массалары анықталды.

2- кесте. Ұлпалы препарат құрамындағы биохимиялық көрсеткіштер

Р/с	Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштер нәтижесі	Өлшем бірлігі
1	Жалпы ақуыз	6	г/л
2	АЛТ/аланинаминотрансфераза/	1	ӨБ/л
3	АСТ/аспартатаминотранфераза/	1	ӨБ/л
4	Жалпы билирубин	0,00	Мкмоль/л
5	Тікелей билирубин	-0,2	Мкмоль/л
6	Магний	1,3	Моль/л
7	Кальций	0,4	Моль/л
8	Креатинин	270	Ммоль/л
9	Зәр қышқылы	257	Ммоль/л
10	Глюкоза	0,5	Моль/л
11	Холестерин	0,2	Моль/л
12	Несеп азоты	2,0	Моль/л
13	Сілтілі фосфатаза	7	ӨБ/л

2- кестедегі мәліметтерде ұлпалы препарат құрамынан анықталған биохимиялық көрсеткіштер көрсетілген.

Қорытынды

Қорытындылай келе, сиыр жатырынан дайындалған ұлпалы препараттың химиялық және биохимиялық құрамы анықталды. Ал сонымен қатар, олардың организмге тигізер әсері зерттелуде.

Әдебиеттер

1. Фроке Ю., Тжаарт Т.В. Животноводство Казахстана – поддержка возрождение отрасли. – Программа совместных экономических исследований Правительства Республики Казахстан и Всемирного Банка. – Вашингтон, – 2004. – 57 с.
2. Студенцов А.П., Шипилов В.С., Субботина Л.Г., Преображенский О.Н. Под ред. В.С. Шипилова. Ветеринарное акушерство и гинекология (учебник). - М.: Колос, 1980. – 446 с.
3. Абдрахманов Т.Ж. //Дисс. … докт. вет. наук. Саратов. 2002. С.51-52.
4. Иноземцев В.П., Балковой И.И., Сочнев В.В., Самоделкин А.Г. Электромагнитное поле УВЧ для лечения коров при эндометрите // Ветеринария. –1996.-№11.-С.29-31
5. Aniulis E. Karriuendometritogydymasantimicrobinialispreparatisproteolizinalisfermentatis // Vet.-Vilnus - 1991. №20.- p. 3-7
6. Панков Б.Г. Технология профилактики патологических родов и послеродовых заболеваний у коров на молочных фермах. //Московская вет. академия. –М., 1994. -28 с. Ж.Ө.
7. КемешовСиырлардыңіріңдікатаралдыэндометритінемдеүшінұлпалыпрепараттық олдануДисс. Жұмыс авторефераты, Астана,2007.
8. И.Т. Жақыпов, Т.Ж. Әбдірахманов, А.Н. Ахметов Акушерлік гинекология жінежануарлардыкөбейтубиотехникасы практикумы: Астана: 2012ж., б.178-188
9. Әбдірахманов Т.Ж. Ветеринариялықакушерлікжәне гинекология, Астана 2011ж. 246 -248б.б.

В статье приведены данные по исследованию тканевого препарата при акушерско – гинекологических болезнях коров. В приготовленный тканевом препарате изучены

физико – химические показатели методами хроматографии и электрофореза. Установлено, что в составе тканевого препарата выявленыаминокислоты и белки, которые оказывают благоприятныевоздействия на организм больного животного, что позволяет получить определенных терапевтических эффектов.

This article presents data on tissue specimen research at obstetric - gynecological diseases of cows. It is studied the physical - chemical parameters in the prepared tissue specimen, by chromatography and elektrofarez it is found that amino acids and proteins are in the composition of tissue specimen, which have a beneficial impact on a sick animal organism to provide a therapeutic effect.

ӘОЖ 619.614.31.637.636

Қасымов Е., Жумагелдиев А.А., Ромашев К.М., Буркетбаева А.Н., Сапарбаева А.Е.

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

ҮЙРЕК ЖҰМЫРТҚАСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Андатпа

Мақалада үйрек жұмыртқасының химиялық құрамы мен суда және майда еритін дәрумендерінің мөлшері тауық жұмыртқасындағы мөлшермен салыстырыла отырып көрсетілген.

***Кілт сөздер**: үйрек жұмыртқасы, жұмыртқаның химиялық құрамы, майда және суда еритін дәрумендер.*

Кіріспе

Құс шаруашылығының өнімдері үлкен сұранысқа ие. Елімізде құс жұмыртқасы мен етін өндіру және олардан алынған құнарлы өнімдермен тұтынушыларды қамтамасыз ету толығымен құс шаруашылықтары арқылы жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда еліміздегі құс шаруашылығы өнеркәсіптік негізде қарқынды дамып, жұмыртқа, ет өндіру бағыттарындағы құс фабрикалары мен асылтұқымды зауыттар ашылып, репродукторлы шаруашылықтар мен инкубатор станциялары ұйымдастырылды. Тиімді технологияларды қолдану мен білікті мамандардың еңбегінің нәтижесінде бұл сала көп жылдар бойы еліміздегі мал шаруашылығының алдыңғы қатарында болды.

Қазақстан қазір жылына 2,8 миллиард дана жұмыртқа өндіреді. Ол ішкі нарықты қамтамасыз етуге артығымен жетеді. Ал тауық етінен 105 мың тонна бролер шығаруда. Ол сұраныстың 46-47 пайызын құрайды. Ішкі нарықты толық қамтамасыз ету үшін 220-230 мың тонна тауық еті керек.

Медициналық мөлшер есебі бойынша еліміздегі әр жанға шаққанда жылына 14 килограмм құс еті, 290 дана жұмыртқа өндірілуі қажет екен. Республика халқын бұл өнімдермен осы мөлшерге сай толықтай қамтамасыз ету үшін жылына 180 мың тоннаға жуық құс еті және 3,5 миллиард дана шамасында жұмыртқа өндіру мүмкіндігіне жету керек. Статистикалық мәліметтер бойынша халқымыздың жан басына шаққандағы жұмыртқа тұтыну көлемі 172 дана болса, құс етін тұтынуы 12,2 килограмм деңгейінде болды.

Қазіргі уақытта азық-түлік қауіпсіздігі мемлекетіміздің ұстанып отырған саясатының негізгі мәселесі болып табылады. Отандық құс өнімдеріне сұраныстың артуымен қатар, оған қойылатын талаптар да жоғарылауда. Дегенмен, тауық жұмыртқасы сапалы, ақзатқа бай болғанымен, суда жүзетін үйрек жұмыртқасын пайдалану деңгейі аз мөлшерде болуда. Сатуға тек қана тауықтың жұмыртқасы шығарылады. Суда жүзетін

құстардың жұмыртқаларын өндірістік өңдеу үшін дайындайды. Ал, оның сапасын, қауіпсіздігін анықтау уақыт талабы болып табылады. Сондықтан, үйрек жұмыртқасының сапасын анықтау және оны тауық жұмыртқасы көрсеткіштерімен салыстыра отырып зерттеулер жүргізу қолға алына бастады. Үйрек жұмыртқасының химиялық құрамын, дәрумендерін, микро -макроэлементтерін тексеру өзекті мәселе болып табылуда.

Материалдар мен әдістер

Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының «өнім сапасы, қауіпсіздігі және ветеринариялық санитариялық сараптау» зертханасында және Қазақ тағамтану академиясының «Нутритест» зертханасында үйрек және тауық жұмыртқаларынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпылама қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы, яғни ақзат, май, ылғал және күл мөлшері анықталды. Жұмыртқа құрамындағы дәрумендердің суда еритіндері B_1, B_2, PP, «Сұйықтық хромотографы» (Хитачи), ал майда еритін дәрумендер А, Е, С (Миллихром) «Спектрометрінде» анықталды. Бұл жұмыстар «Руководство по методам анализа качества и безопасности пищевых продуктов» әдістемелік ұсынысы бойынша жүргізілді (Москва 1998г).

Зерттеу нәтижелері

Мемлекет басшысының 2014 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында айтылған ауыл шаруашылығын кең ауқымды жаңғырту тапсырмасы, соның ішінде мал шаруашылығының жемшөп базасын арттыру мен өнімнің экологиялық сапасын көтеру бойынша ауқымды шаралар атқарылуда.

Ақзат – жұмыртқаның негізгі қоректік бөлігі. Оның маңызы адам организмі үшін ерекше екені белгілі. Ақзат торша мен ұлпалардың өсуіне, жаңаруына, тузілуіне қажет. Тағамның сіңімділігі, қорытылуы, тағамдық құндылығы – құрамындағы ақзаттың, ылғалдың, майдың және күлдің мөлшеріне байланысты. Зерттеу үшін алынған сынамалардағы үйрек жұмыртқасындағы ақзат мөлшері 12,9±0,5 г/100г болса, салыстырмалы түрде алынған тауық жұмыртқасы құрамындағы ақзат мөлшері 12,4±0,6 г/100г көрсетті.

Органикалық заттардың және дәрумендердің негізгі еріткіштері болып табылатын жұмыртқа құрамындағы май метаболизмдік және құрылымдық қызметтер атқарады. Зерттеу нәтижесі бойынша үйрек жұмыртқасы құрамындағы май мөлшері 14,7±0,3 г/100г болса, тауық жұмыртқасындағы бұл мөлшер 11,9±0,4 г/100г болды, 1-кесте.

Жұмыртқаның тағамдық, тауарлық құндылығы, сонымен қатар олардың сақтау кезіндегі тұрақтылығы, микробиологиялық үдерістер, оның құрамындағы биохимиялық үрдістердің жүруі ылғалдың әсеріне байланысты. Ол үйрек жұмыртқасында 69,6±0,5 г/100г болса, тауық жұмыртқасында бұл мөлшер 73,8±0,7 г/100г көрсетті.

Кесте-1. Жұмыртқаның химиялық құрамы, г/100г есебімен (n=10)

Көрсеткіштер	Ақзат	Май	Көмірсу	Ылғал	Күл	Энергетикалық құндылығы ккал/100г
Үйрек жұмыртқасы	12,9±0,5	14,7±0,3	1,5±0,03	69,6±0,5	1,3±0,06	189,9
Тауық жұмыртқасы	12,4±0,6	11,9±0,4	0,9±0,03	73,8±0,7	1,0±0,02	160,3

Үйрек жұмыртқасының энергетикалық құндылығы 189,9 ккал/100г болса, тауық жұмыртқасындағы бұл мөлшер 160,3 болды (1-кесте).

Витаминдер төмен молекулалы органикалық қосылыстар, ол өсімдіктен түзілетін, адам мен жануар тіршілігі үшін аса қажетті зат. Азық құрамында витаминдердің болмауы немесе тапшылығы зат алмасу процесін бұзып, түрлі ауруларға (рахит, полиневрит, тауық соқырлығы т.б) шалдықтырады. Көптеген витаминдер белокпен қосылып ферменттер түзеді.

Дәрумендер басқа заттармен алмастырылмайтын болғандықтан, ауыспайтын бағалы, организмге тамақпен бірге түсуі тиіс заттардың қатарына жатады. Организмдегі дәрумендер қорының азаюы және зат алмасуы кезіндегі шығындар тағаммен бірге үнемі түсіп отыруын қажет етеді. Егер тағаммен бірге түспесе зат алмасу үдерісі бұзылып, биохимиялық реакциялардың жүруі нашарлайды. Адам организмі торша биосинтезіне қажетті дәрумендерді, биологиялық заттарды азықтан алады. Дәрумендер ферменттердің құрамына еніп белоктың, майдың, көмірсудың ыдырау құбылысын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты тағамдық өнімдердегі дәрумендер мөлшерін анықтау аса қажетті зерттеулер қатарына жатады, 2-кесте.

Кесте-2. Жұмыртқаның дәрумендерінің салыстырмалы көрсеткіші, г/100г есебімен (n=10)

Дәрумендер	А, мг	β-каротин, мкг	Е, мг	B_1, мг	B_2, мг	PP, мг
Үйрек жұмыртқасы	0,29±0,05	84±1,7	1,34±0,5	0,16±0,05	0,56±0,03	0,27±0,03
Тауық жұмыртқасы	0,24±0,03	63±1,6	0,62±0,4	0,07±0,04	0,44±0,05	0,21±0,04

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, А дәруменінің жетіспеуінен организмнің өсіп-жетілуі бұзылады, тері мен кілегей қабықтың қызметі бұзылып, ауруға шалдығуы ықтимал. Біздің зертеуіміздегі үйрек жұмыртқасындағы А дәрумені 0,29±0,05 мг/100г болса, тауық жұмыртқасында оның мөлшері 0,24±0,03 мг/100г құрады. β-каротин үйрек жұмыртқасында 84 мкг/100г болса, бұл мөлшер тауық жұмыртқасында 63 мкг/100г юолды.

B_1 витамині (тиамин) жетіспеуінен атаксия, тепе-теңдіктің сақталмауы, ұйқышыл болу т.с.с. ауытқушылықтарға ұшырайды. Біздің зерттеулерімізде, үйрек жұмыртқасы құрамында B_1 дәруменінің мөлшері 0,16±0,05 мг/100г болса, бұл көрсеткіш тауық жұмыртқасында 0,07±0,04 мг/100г екендігі анықталды. Сол сияқты гемоглобинді синтездеу үрдісін реттеуге қатысатын B_2 дәрумені (рибофлавин) үйрек жұмыртқасында 0,56±0,03 мг/100г көрсетсе, бұл мөлшер тауық жұмыртқасында 0,440,56±0,05 мг/100 г болды.

Организмде жеткіліксіз болса өсу тежеліп, әлсіздіктің болуымен сипатталатын PP дәрумені (никотин қышқылы) мөлшері үйрек жұмыртқасында 0,27±0,03 мг/100г болса, тауық жұмыртқасында бұл мөлшер тиісінше 0,21±0,04 мг/100 г болғандығы анықталды.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Үйрек жұмыртқасының химиялық құрамын анықтауда төмендегідей нәтижелер алынды. Үйрек жұмыртқасы құрамында ақзат мөлшері 0,5 г/100г жоғары болса, май 2,8 г/100г, ал көмірсу екі еседей көп, ылғал 4,2 г/100г кем, күл мөлшері 0,3 г/100г көп болды. Ал энергетикалық құндылығы 19,6 ккал/100г көп. Сонымен қатар,
Е және B_1 дәрумендері 50-55 пайыздай көп болса, басқа тексерілген дәрумендердің барлығы дерлік мөлшері 15-20 пайызға жоғары болып шықты.

Қорытынды

Үйрек жұмыртқасын тауық жұмыртқасымен салыстырғанда тексерілген барлық көрсеткіштері бойынша сапасы жоғары, құнарлы екендігі анықталды. Яғни, үйрек жұмыртқасы биологиялық бағасы жоғары, тез қорытылатын тағамдық өнім.

1. Химиялық құрамы бойынша: ақзат, май, көмірсу күл мөлшері жоғары, ылғалдылы төмен болды;

2. Үйрек жұмыртқасының энергетикалық құндылығы 189,9 ккал/100г болса, тауық жұмыртқасында 160,3 ккал/100г екендігі анықталды, яғни 19,6 ккал/100г жоғары болды;

3. Үйрек жұмыртқасында Е және B_1 дәрумендері тауық жұмыртқасындағы мөлшерден екі еседей көп болса, тексерілген басқа дәрумендер 1,5 еседей жоғары болды.

Әдебиеттер

1. С.Қырықбайұлы. Т.Телеуғали, А.Ә.Жұмагелдиев. Ветеринариялық санитариялық сараптау практикум. Алматы 2013 ж.
2. Шуклин Н.Ф., С.Қырықбайұлы, А.А.Жумагелдиев. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация. Алматы 2011г.
3. Жұмагелдиев А.Ә. Ромашев Қ.М.,Төлепова Г.К. Сойыс малдарын тасымалдау және жұқпалы аурулар кезінде мал өнімдерін санитариялық бағалау. Алматы 2012 ж.
4. Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.Ә. Кәсіби ауланатын жануарлар өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау және санитариялық бағалау. Алматы 2012ж.
5. Ромашев Қ.М., Жұмагелдиев А.Ә., Сарсембаева Н.Б. Шағын кәсіпорын жағдайында мал өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау. Алматы 2013ж.

ӘОЖ 619:614.31.

Құдайбергенова Ж.Н., Тоқаева М.О., Малдыбаева А.А., Базарбаев Р.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СИЫРЛАРДЫ ҰСТАУ ӘДІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СҮТТЕ БОЛАТЫН ӨЗГЕРІСТЕР

Андатпа

Мақалада жылдың төрт мезгілінде, сиырларды әр түрлі ұстау жүйесіндегі сүттің физико- химиялық және миробиолоиялық көрсеткіштерінің өзгеруі жайында мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: сиырларды ұстау әдістері, санитариялық көрсеткіш микроорганизмдер, соматикалық торшалар

Кіріспе

Сүтті мал шаруашылығы халықты малдан алынатын өнімдерге деген сұранысын қамтамасыз етіп отырған ауылшаруашылық өндірістің басты салаларының бірі. Осыған байланысты өндірілетін сүт сапасына ерекше талап қойылады. Сүт құрамында адам ағзасына қажетті әрі жеңіл сіңімді заттары бар толыққұнды өнім болып табылады.

Ірі қара шаруашылығында сиырларды ұстаудың негізгі екі әдісі қолданылады. Сүтті мал шаруашылығында малды байлап ұстау басты орынды алады, оның басымдылығы әр мал басына жеке - жеке қаралуында. Малды байлаулы ұстау әдісі малдың сүт беру кезеңін 3 % созады және 20 % жоғары өнім алуға мүмкіндік береді.

Сиырларды байлаусыз ұстау өндірістік процестер барысында механикалық құралдарды қолдану тиімділігімен және еңбек шығынының төмендегімен сипатталады.

Байлаусыз ұстау жүйесінің кең тараған түрі ол малды серуен алаңы бар бокстарда ұстау болып табылады [1].

Сүт өндіріс орындарының микроорганизмдермен ластану дәрежесі жоғары болады, оған себеп сол өндіріс орнының санитариясы мен қоршаған орта жағдайлары. Микроорганизмдердің шоғырлану көздері мал қора ауасы, желдету жүйелері, сиырлардың денесі, қора-жай жабдықтарын, еден, сауын қондырғыларын болып табылады [2].

Сауын қондырғылары мен сүт ыдыстарын дұрыс күту сапалылығы жоғары сүт алуға мүмкіндік береді. Тазалық сақтау және сауу қондырғылары мен ыдыстарын стерильдеу тек ұқыпты жүргізілген санитариялық өңдеу жағдайында ғана іске асады [3].

Сүт өндірілген шаруашылықтан бастап тұтынушыларға жеткенге дейінгі жолда микробтармен айтарлықтай ластанады. Жоғары сапалы сүт алудағы басты мәселе, сүтке микроорганизмдер мен механикалық ластаушыларды түсірмеудің алдын алу. Негізінен технологиялық операциялардың дұрыс орындалуын қадағалау қажет, сауын қондырғыларын тазалау, дезинфекциялау, сауын алдында желінді өңдеу, сүтті алғашқы өңдеуден өткізу сияқты кезеңдерде санитариялық- гигиеналық талаптарды қатаң қадағалау қажет [4,5].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары ЖШС «Байсерке Агро» және СХПЗ ПК «Алматы». Зерттеуге екі түрлі әдіспен ұсталатын сиырлар алынды. Бірінші топқа байлаусыз ұсталған сиырлар, екінші топқа байлаулы ұсталған топтағы сиырлар алдынды. Осы топтағы сиыр сүтінен сынама алынып, жылдың төрт мезгіліндегі сүттің сапалық көрсеткіштері зерттелді. Сүттен сынама алу және оны зерттеуге дайындау Мемст 13928-84 бойынша, сүттің қышқылдылығы Мемст 3624-92, сүттің тығыздығын анықтау Мемст 25228-82, сүттің құрамындағы лактозаны анықтау Мемст 29248-91, сүттегі ылғалдылық пен құрғақ затты анықтау Мемст 3626-73, сүттің құрамындағы майды анықтау Мемст 5867-90, сүттің құрамындағы ақуыз Мемст 23327-98 талаптарына сәйкес жүргізілді.

Сүттің санитариялық және гигиеналық көрсеткіштері жылдың төрт мезілігінде (қыс, көктем, жаз, күз) анықталды. Сүттің санитариялық сапасын Мемст 9225-84 «Сүт және сүт өнімдері. Микробиологиялық зерттеу әдістері» талаптарына сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Әр түрлі ұстау әдістерімен ұсталған сиырлардан алынған сүт сынамаларының сапалық көрсеткіштеріне талдау жасалды. Талдау қорытындысы 1- кестеде көрсетілген. Бұл кезде алынған сүт сынамаларының май, ақуыз, лактоза, құрғақ зат сияқты көрсеткіштері анықталды.

1- кесте – Жыл мезгіліне байланысты әртүрлі ұстау әдісіндегі сиыр сүттің сапалық көрсеткіштері

Жыл мезгілі	Ұстау әдісі	Май, %	Ақуыз, %	Лактоза, %	Құрғақ заты, %
Қыс	Байлаусыз ұстау	4,50±0,20	3,27±0,06	4,59±0,07	13,42±0,56
	Байлаулы ұстау	4,45±0,3	3,29±0,05	4,45±0,17	12,40±0,07
Көктем	Байлаусыз ұстау	4,53±0,09	3,36±0,03	4,71±0,13	13,53±0,13
	Байлаулы ұстау	4,48±0,11	3,31±0,15	4,54±0,05	13,18±0,17
Жаз	Байлаусыз ұстау	4,51±0,20	3,24±0,09	4,53±0,04	13,40±0,34
	Байлаулы ұстау	4,46±0,15	3,23±0,06	4,49±0,12	12,38±0,07

Күз	Байлаусыз ұстау	4,57±0,42	3,32±0,19	5,56±0,41	13,55±0,51
	Байлаулы ұстау	4,52±0,15	3,30±0,03	4,53±0,11	13,19±0,07
Орташа көрсеткіші		4,5±0,20	3,29±0,10	4,6±0,12	13,13±0,30

Кесте мәліметтеріне сүйенсек, Бірінші топтағы, яғни, байлаусыз ұстау әдісіндегі сиыр сүтіндегі май, ақуыз, лактоза байлаулы топтағы сиыр сүтімен салыстырғанда жоғары екендігі анықталды. Бірақ, осы көрсеткіштер нәтижелері бойынша қорытынды жасау дәлелсіз болды. Сол себепті, әр түрлі ұстау әдісі кезінде, жылдың он екі айдағы сүттің тығыздығы, жылуға төзімділігі, қышқылдылығы, соматикалық клеткалар саны анықталды. Зерттеу нәтижелері 2- кестеде көрсетілген.

2- кесте – Әртүрлі ұстау әдісіндегі сиыр сүтінің физико-химиялық және технологиялық қасиеттерінің бағасы, n= 12

Көрсет-кіштер	Ұстау әдісі	Айлар											
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Тығыздығы,^{0}А	Байлаулы ұстау	28,80± 0,09	28.78± 0.02	28,76±0,07	28,74± 0,04	28,74±0,08	28,67±0,08	28,70±0,32	28,79±0,09	28,8±0,01	28,8±0,06	28,88±0,05	28,93±0,05
	Байлаусыз ұстау	28,83±0,01	28.82±0.06	28,79±0,01	28,76±0,32	28,74±0,09	28,74±0,09	28,76±0,08	28,80±0,11	28,83 ± 0,04	28,91±0,09	28,94±0,05	28,97±0,02
Жылуға төзімділігі,%	Байлаулы ұстау	70±0,04	72±0.06	74±0,07	75±0,08	75±0,01	74±0,32	74±0,05	75±0,06	75±0,11	74±0,15	72±0,11	72±0,08
	Байлаусыз ұстау	70±0,08	73±0.06	74±0,11	75±0,02	75±0,32	74±0,15	74±0,01	75±0,11	75±0,04	75±0,08	74±0,05	72±0,07
Қышқылдығы, ^{0}Т	Байлаулы ұстау	16,67±0,06	16.61±0.09	16,61±0,08	16,60±0,01	16,57±0,05	15,55±0,11	16,58±0,04	16,60±0,15	16,61±0,32	16,65±0,07	16,64±0,11	16,65±0,05
	Байлаусыз ұстау	16,74±0,05	16.78±90	16,74±0,11	16,73±0,02	16,69±0,09	16,65±0,15	16,67±0,06	16,70±0,04	16,71±0,08	16,74±0,32	16,78±0,11	16,80±0,07
Дене жасушалар саны, мың	Байлаулы ұстау	210±0,07	240±0.32	245±0,04	250±0,08	260±0,05	265±0,11	270±0,01	260±0,15	250±0,06	255±0,15	230±160	225±0,11

	Байлаусыз ұстау	180±0,06	180±0,07	160±0,32	150±0,01	170±0,11	210±0,11	180±0,04	170±0,15	170±0,09	170±0,08	165±0,05	180±0,02

Кесте мәліметтеріне қарасақ, жыл мезгілі бойынша байлаулы ұстау жүйесіндегі сиыр сүттері байлаусыз ұстау жүйесіндегі сиыр сүтімен салыстырғанда (қазан- қараша) сүттің тығыздығы төмендігі байқалып тұр. Сонымен қоса, екі топтағы сиырлардың сүтінің тығыздығы жаз мезгілінде төмендеп, қыс мезгілінде жоғарлаған. Осыған байланысты сиырды ұстау әдістері сүттің физико- химиялық көрсеткіштеріне әсер етпейді. Ал олардың жылуға төзімділігі бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалған жоқ.

Қышқылдылық сүттің негізгі химиялық қасиеттерінің бірі. Біздің зерттеуіміз бойынша сүттің титрометрикалық қышқылдығы жыл мезгілдеріне байланысты болды, яғни, жаз мезгіліне қарағанда қыста сүттің қышқылдығы жоғары. Ал, техникалық талаптарға сай сүттің қышқылдығы 16-18^{0}Т аспау қажет. Сүттегі соматикалық клеткалар саны байлаулы ұстау жүйесінде тұрған сиыр сүтінде жоғары екендігі анықталды. Сонымен қатар, сүттің микробпен ластануы жылдың төрт мезгілі бойынша анықталды. Зерттеу нәтижелері 3-кестеде берілген.

3- Кесте- Көктем, жаз, күз мезгіліндегі сүттегі микроорганизмдер саны және құрамы, n= 5

№ Көрсеткіштер	Ұстау әдісі	Жыл мезгілі			
		көктем	жаз	күз	қыс
Жалпы микроорганизмдер саны, КТБ /мл	Байлаулы ұстау	88 137±0,04	386 282±0,06	73 531±90±0,01	31 095±0,07
	Байлаусыз ұстау	43 587±90±0,01	107 167±0,06	32 350±0,04	19 000±
Ішек таяқшалары КТБ /мл	Байлаулы ұстау	3 343±0,07	5 389±	2 950±90±0,01	1 156±0,02
	Байлаусыз ұстау	631±90±0,01	1 090±0,04	903±0,06	185±0,07
Сальмонеллалар/ мл	Байлаулы ұстау	-	-	-	-
	Байлаусыз ұстау	-	-	-	-
Ашытқы саңырауқұлақтар КТБ /мл	Байлаулы ұстау	302±0,09	1 020±0,07	498±0,04	204±90±0,01
	Байлаусыз ұстау	270±90±0,01	692±0,07	290±0,04	120±0,04
Зең саңырауқұлақтар КТБ /мл	Байлаулы ұстау	170±0,02	200±0,04	121±0,06	90±0,01
	Байлаусыз ұстау	20±0,07	131±90±0,01	76±0,04	78±0,09

3- кестеде сүттегі санитариялық- көрсеткіш мироорганизмдердің сапалық құрамының жыл мезгіліне және ұстау әдісіне байланысты өзгеруі көрсетілген. Кестеден сиырларды байлаусыз ұстау әдісінде байлаулы ұстау әдісімен салыстырған кезде жалпы мироорганизмдер саны қыс мезгілінде төмен екендігін көреміз. Сиырлардың бірінші тобында ішек таяқшалар тобына жататын микроорганизмдер саны аз болды. Тәжірибелік топтағы сиыр сүтінің сынамаларында сальмонеллалар табылған жоқ. Ашытқы және зең

саңырауқұлақтар барлық сүт сынамаларында байқалды. Зең саңырауқұлақтар байлаусыз ұстау әдісінде- 131 КТБ; ал байлаулы ұстау әдісінде- 200 КТБ сәйкес болды.

Көктемде байлаулы ұстау жүйесіндегі сиырлармен салыстырғанда байлаусыз ұстау жүйесіндегі сиырлардың сүт сынамаларында негзгі санитарлық көрсеткіш микроорганизмдер саны төмен болды. Мысалы, сальмонеллалар екі зерттеу тобында да табылмады. Сонымен қатар, жыл мезгіліне байланысты сүттегі кейбір микроорганизм түрлері өзгерген. Қыстағы көрсеткіштермен салыстырғанда көктем кезінде олардың саны артқан. Екі топтада микроорганизмдердің санының жоғарлауы жаз кезінде байқалған. Сүттің микроорганизмдермен ластануы байлаулы ұстау әдісінде зең және ашытқы саңырауқұлақтар саны артқан.

Қорытынды

1. Қорыта келгенде, екі топтағы сиыр сүт сынамалары сүт және сүт өнімдеріне қойылатын талаптарға сәйкес болды. Сүттің химиялық құрамын анықтау нәтижесі бойынша байлаусыз ұстау әдісіндегі сиыр сүтіндегі құрғақ қалдық зат байлаулы ұстау әдісімен салыстырғанда орта есеппен 36% жоғары екендігі байқалды. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер қыс (0,33%) және жаз (0,43%) мезгілдерінде айырмашылық байқалды.
2. Әртүрлі ұстау әдісіндегі сиыр сүтінің физико-химиялық көрсеткіштері бойынша байлаулы тұрған сиыр сүттерінің қышқылдылығы сәл төмен болды, бұл желінсау ауруына күдік тудырады. Бұған дәлел байлаулы ұстау кезінде сүттегі соматикалық торшалардың санының артқандығы көрсетеді.
3. Сүттегі микроорганизмдер саны мен құрамы бойынша, шикі сүттің құрамында санитариялық- көрсеткіш микроорганизмдердің сандық құрылымы сиырды ұстау әдісіне, сауға және жыл мезгіліне байланысты болады. Сүттің микробпен көп жағдайда ластануы сиырды байлаулы ұстау әдісінде байқалады. Жаз мезгілінде екі түрлі ұстау әдістегі сүт сынамаларының микробпен ластанғандығы байқалады. Зерттеу ұмыстарын қорытындылай келе, сиырларды ұстау жүйесін салыстыру барысында сиырды байлау әдісінен байлаусыз әдіс тиімдірек болды.

Әдебиеттер

1. Кузнецов А.Ф. Крупный рогатый скот. Содержание, кормление, болезни, диагностика и лечение / А.Ф. Кузнецов, И.Д. Алемайкин и др. - Санкт-Петербург: Издательство "Лань", 2007. - 624 с.
2. Ховзун Т.В., Дудко Н.В., Фурик Н.Н., Лобанов Ю.В. Применение объемной дезинфекции на предприятиях молочной промышленности //Молочная промышленность. −2006. −№2, −С.68-69.
3. Давидов Р.Б. Молоко и молочное дело.− М.: Колос, 1969.−С.94-96.
4. Дегтерев Г.А. О производстве качественного и безопасного молока //Молочное и мясное скотоводство/ −2004. −№6-7. −С.22-23.
5. Шалыгина А.М., Калинина Л.В. Общая технология молока и молочных продуктов.−М.:Колос, 2004. -328 с.

Құдайбергенова Ж.Н., Тоқаева М.О., Малдыбаева А.А., Базарбаев Р.К.

ИЗМЕНЕНИЕ В МОЛОКЕ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ СПОСОБОВ СОДЕРЖАНИЯ ЖИВОТНЫХ

В статье приведены данные изменение физико- химических и микробиологических показателей молока в зависимости от сезона года и способов содержания коров.

Ключевые слова: способы содержания коров, санитарно- показательные микроорганизмы, соматические клетки

Kudaibergenova Zh.N., Tokaeva M.O., Maldybaeva A.A., Bazarbayev R.K.

DETERMINATION OF EFFICIENCY OF METHODS RESEARCH OF MASTITIS OF MILK COWS IN FARMS

In article comparative results of often used preparations and an express diagnostikum for definition of the hidden forms of mastitis are given in farms.

Key words*:* mastitis, latent mastitis, somatic cages

УДК [619:616.9]; 635.9

Мусоев А.М., Асанов Н.Г.

Казахский национальный аграрный университет

ВЫДЕЛЕНИЯ МЕТАПНЕВМОВИРУСА НА КЛЕТОЧНЫХ КУЛЬТУРАХ

Аннотация

Представлены результаты взаимодействия метапневмовируса птиц с различными типами культур клеток. Определена наиболее репродуктивная тип культур клеток в зависмости от степени поражения монослоя и количеством вирусного агента при титровании.

Ключевые слова: Метапневмовирус птиц, штамм «К-32-13», культура клеток Vero.

Введение

Метапневмовирусная инфекция птиц (МПИП) была впервые зарегистрирована в Южно-Африканской Республике в конце 1970-х гг. и за короткий период времени охватила ряд стран с развитой птицеводческой индустрией. Серологические и вирусологические исследования свидетельствуют о широком распространении МПИП на территории Казахстана, преимущественно в птицехозяйствах центральных и Юго-восточных регионах республики [1, 2].

Основными трудностями при работе с МПИП является достачно кортоткий период персистенции и ограниченный тропизм вируса в организме птицы [3,4]. Взаимодействие вируса и клетки остается актуальный проблемой, поскольку от решения которой зависят многие вопросы диагностики и иммунопрофилактики инфекции. Репродукция вируса МПИП на чувствительных клеточных линиях является основной получения специфических антигенов для производства диагностикумов и вакцин.

Целью наших исследований являлась изучение репродукции метапневмовируса (МПИП) птиц в гомологичных и гетерологичных культурах клеток и определение штаммовых различий вируса.

Материалы и методы

Работа выполнена в вирусологической лаборатория при кафедре «Биологическая безопасность» КазНАУ, лаборатории «Профилактика особо опасных болезней животных» РГП «Научно-исследовательский институт проблем биологической безопасности» и серологической лаборатории ТОО «UniVet».

При выполнении работы использовали следующие материалы:

Вирус: вакцинный штамм Nemovac Rhone Merieux (Франция); PL21 pneumovirus (G.P. Wilding, 1986), Клон-13 штамма PL21 метапневмовируса птиц, К-32-13 выделенный нами из птицефабрики КазГЕР эпизоотический штамм метапневмовируса птиц. Вирусные штаммы поддерживали в перевиваемой линии клеток Vero и хранили при температуре минус 20ºС.

Диагностикумы: Для обнаружения антител к возбудителю метапневмовирусной инфекции птиц будет использован набор BioChek, производства фирмы «Avian Rhinotracheitis Antibody TestKit» (Holland);

Культуры клеток: первично-трипсинизированную культуру фибробластов - ФЭК и перевиваемых культур клеток: ВНК-21-клеток почки сирийского хомячка и Vero- клеток почки африканской зеленой мартышки.

Питательные среды, сыворотки, растворы и реактивы: питательная среда Игла МЕМ и ДМЕМ, жидкая, с L-глутамином;питательная среда №199, жидкая, с L-глутамином; питательная среда ДМЕМ/F12 с Hepes, жидкая;сыворотка крови крупного рогатого скота, неконсервированная для культур клеток;сыворотка крови плодов коровы; трипсина раствор, 0,25% фирмы «US BIO»; версена раствор, 0,02%; Хенкса раствор фирмы «Hyclone». Питательные среды и растворы из полнокомпонентной смеси фирмы «Hyclone», производства ООО «Биолот».

Титрование вируса на культуре клеток проводили в чувствительной клеточной культуре (клетки Vero) методом десятикратных разведений и с соответствующими контролями. Величину титра вычисляли по методу Reed L.J. & Muench H. и выражали в lg $ТЦД_{50}$ в 1,0 $см^3$.

Реакция нейтрализации. Реакцию ставили стандартным, классическим методом, описанный в руководстве по вирусологии [5]. Титр вируса и конечную точку нейтрализации вычисляли по Reed L.J. & Muench H. на основании ЦПД в культуре клеток через 5-6 суток инкубации после инокуляции культуры. Вируснейтрализующую активность сыворотки выражали в индексе нейтрализации, который представляет собой разность показателей логарифмов титра вируса в присутствии специфической и нормальной сывороток.За титр антител принимали то наибольшее разведение сыворотки, которое было способно ингибировать активность вируса, внесенного в указанной дозе, в 50% зараженной культуры.

Результаты исследований

Для изоляции вируса из исходного биологического материала (смывы носоглотки, трахеи, содержимое синусов) готовили суспензию в растворе Хенкса, содержащем антибиотики в принятых концентрациях и выдерживали при комнатной температуре (21^0 С) в течение 1,5 часа. Затем суспензию центрифугировали при 3000 об/мин в течение 15 минут.

Результаты, представленные в таблице 1, демонстрируют, что изолят МПИП адаптировался к первично-трипсинизированной культуре ФЭК после 2-го пассажа.

Таблица 1 – Результаты заражения первично-трипсинизированной культуры ФЭК изолятом «К-32-13» (n=3)

№ пассаже	ЦПД	Время культивирования, ч	Титр вируса lg ТЦД50/мл.
1	+	120	2,10±0,12
2	+++	96	4,42±0,38
3	++++	96	7,24±0,14
4	++++	72	7,62±0,13
5	++++	48	7,86±0,23

Проведенные опыты по адаптации изолята МПИП к первично-трипсинизированной культуре ФЭК демонстрируют, что данную линию клеток можно использовать в качестве системы для репродукции вируса МПИП. Чувствительность к изоляту МПИП перевиваемых культур клеток Vero, ВНК-21 изучали, используя способ последовательных пассажей, определяя инфекционную активность вируса на каждом пассажном уровне.

Результаты опытов представлены в таблице 2. Полученные данные свидетельствуют, что наиболее чувствительным к заражению вирусом МПИП оказались клетки Vero.

Таблица 2 – Изучение культуральных свойств излята «К-32-13» вируса МПИП на перевиваемых культурах клеток

№ п/п	Культура клеток	Биологическая активность вируса, lg $ТЦД_{50}/см^3$			
		1-пассаж	2-пассаж	3-пассаж	4-пассаж
1	ВНК-21	2,75±0,21	4,12±0,13	4,87±0,15	4,18±0,14
2	VERO	4,87±0,16	6,72±0,00	7,73±0,18	7,52±0,25

Результаты титрования МПИП штамма «К-32-13» в перевиваемой культуре клеток Vero показывают, что в процессе адаптации инфекционная активность вируса постепенно увеличивалась и к 4 пассажному уровню достигла 7,52 ± 0,25 lg $ТЦД_{50}/см^3$. В культуре клеток ВНК-21 количество клеток, подвергшихся ЦПД вируса в последующие сроки культивирования, не увеличивалось. При определении способности вируса накапливаться в вышеперечисленных культурах инфекционная активность была невысокой и находилась в пределах 2,75–4,18 lg $ТЦД_{50}/см^3$. Поэтому в качестве системы культивирования для МПИП была выбрана перевиваемая культура Vero.

Для первичного выделения и последующей адаптации изолята МПИП птиц использовали первично-трипсинизированную культуру клеток, полученную из 10-12-суточных ФЭК куриных эмбрионов и Vero, ВНК-21, перевиваемые клетки .

Первично-трипсинизированную культуру клеток готовили из кожно-мышечной ткани куриных эмбрионов путем диспергирования в 0,25% растворе трипсина. Культуру выращивали в стационарных условиях в течение 2-3 суток до формирования ровного плотного монослоя в питательной ростовой среде Игла МЕМ и среде № 199 в соотношении 2:1 с содержанием до 10% сыворотки крови КРС и антибиотиков.

Перед заражением пробирочные культуры клеток освобождали от ростовой среды, отмывали поддерживающей средой без сыворотки крови, вносили суспензию из патологического материала (или хориоаллантоисную жидкость зараженных куриных эмбрионов) в объеме 0,2 см³ и оставляли культуру при (37,5±0,5)°С в течение 60 минут для адсорбции вируса. Затем в пробирки с инфицированной культурой вносили 1,0 см³ поддерживающей среды. Зараженные культуры инкубировали в течение 7-9 суток при

температуре (37,5±0,5)°С до появления выраженного цитопатогенного действия вируса. Изолят вируса вызывал острую форму вирусной инфекции с характерным цитопатогенным действием: округление клеток и появление в них зернистости на отдельных участках монослоя клеток на 2-3 сутки после инфицирования культуры; дезинтеграция клеток значительной части монослоя и появление разрывов в нем; полная дегенерация монослоя и образование синцитиальных комплексов.

В результате 4-5 последовательных пассажей из патологического материала (носовые выделения, соскобы слизистой оболочки носоглотки, синусов головы и трахеи) на клетках Vero или на развивающихся куриных эмбрионах, с последующей адаптацией на клетках Vero, выделены один изолят вируса К-32-13 вызывающие цитопатический эффект в культурах клеток.

Для первичного выделения и последующей адаптации изолята МПИП птиц использовали первично-трипсинизированную культуру клеток, полученную из 10-12-суточных ФЭК куриных эмбрионов и ВНК-21, перевиваемые клетки Vero.

При этом изолят вируса после 3 го пассажа вызывал острую форму вирусной инфекции с характерным цитопатогенным действием: округление клеток и появление в них зернистости на отдельных участках монослоя клеток на 2-3 сутки после инфицирования культуры; дезинтеграция клеток значительной части монослоя и появление разрывов в нем; полная дегенерация монослоя и образование синцитиальных комплексов.

Выводы

В результате 4-5 последовательных пассажей из патологического материала (носовые выделения, соскобы слизистой оболочки носоглотки, синусов головы и трахеи) на клетках ФЭК и перевиваемы клетках Vero, выделен один изолят вируса К-32-13, вызывающие цитопатический эффект в культурах клеток.

Литература

1. Assanov N.G., Sansyzbay A.R., Mussoev A.M (2012) Құстың инфекциялық ринотрахеиті Халықаралық ғылыми конф. материалдары Орал қ. б.153-156.
2. Assanov N.G., Sansyzbay A.R., Mussoev A.M (2013) Serological aspects of avian metapneumovirus infection in Kazakhstan Annual 19th International Scientific Conference Research for Rural Development 2013. Latvia University of Agriculture, Jelgava, Latvia 15 - 17 May 2013 pp.147-150.
3. Борисова И.А. Метапневмовирусная инфекция птиц/И.А.Борисова, А.В. Борисов // РацВетИнформ. 2008. - №12. - С.9 - 11.
4. Чувствительность клеточных культур к метапневмовирусу птиц / Б.Б.Трефилов, Л.Ю. Данко// Вопросы нормативно-правового регулирования в ветеринарии. – 2010.- №1.- С.44-46.
5. Галушкин В.М., Морфенин Н.Н. Международные и российские рекомендации по собледению принципов биотэки 2011 г.

Мусоев А.М., Асанов Н.Г.

ҚҰСТЫҢ МЕТАПНЕВМОВИРУСЫН ӘР-ТҮРЛІ ЖАСУША ӨСІНДІЛЕРІНДЕ ӨСІРУ

Құстың метапневмовирусының әр-түрлі жасуша өсінділеріндегі өсу нәтижелері келтірілген. Жасуша өсіндісінің дара қабатының бұзылу сатысы және вирусты титрлеу, жасушаның өсінділік көрсетуі анықталған.

Musoev A.M., Asanov N.G.

ALLOCATION METAPNEUMOVIRUS IN CELL CULTURE

The results of the interaction of metapneumovirus birds with different types of cell cultures. Picked the most reproductive type of cell cultures in zavismosti on the extent of the monolayer and the amount of viral agent in the titration.

Keywords: Metapneumovirus birds strain «K-32-13», cell culture Vero.

ӘОЖ: 619.614.31.637.636

Найманбекқызы А., Ромашев К.М., Жұмагелдиев А.Ә, Аққөзова А.С., Рожаев Б.Г.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

«ФЕЛУЦЕН» МИНЕРАЛДЫҚ- АЗЫҚТЫҚ ҚОСПА ҚОСЫЛҒАН РАЦИОНЫМЕН АЗЫҚТАНДЫРЫЛҒАН СИЫР СҮТІН ВЕТСАНСАРАПТАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Андатпа

Мақалада азықтық – минералдық «Фелуцен» қоспаны қабылдаған сауын сиыр сүтінің сезімдік және зертханалық көрсеткіштері келтірілген.

Кілті сөздер: Фелуцен, қоспа, сиыр, сезімдік тексеру,зертханалық тексеру.

Кіріспе

Мал шаруашылығында ірі қараның алатын орны ерекше. Ірі қарадан алынатын өнімдер халқымызды құнды тағамдармен қамтамасыз етіп отыр. Мал шаруашылығынан алынатын өнімдер арасында сүтке айрықша мән беріледі. Сүт жас организмдерді барлық құнарлы заттармен қамтамасыз ететін ерекше өнім. Сүтінің құрамы өте күрделі. Атап айтқанда сүт құрамында үш жүзден астам пайдалы заттар бар, олар: май, ақзат, витаминдер мен минералдық заттардың бір қатар түрлері, сүт қанты, ферменттер. Күні бүгінге дейін сүт құрамы толық тексеріліп болған жоқ. Жоғарыдағы айтылған құрғақ заттар сүттің 12,5% құрайды, ал қалған 87,5% - су. Сол себептен сүтті ірі қара мал шаруашылығы бізде ғана емес, әлемнің көптеген елінде басты сала болып табылады. Сүт және сүт өнімдері адам тағамының бірден бір ерекше бөлігі, сондықтан өндірушінің мақсаты тек көп сүт өндіру ғана емес, өндірілетін сүттің сапасы стандарт талабына сай болуы керек. Сүттің жоғары сапалы болуының бірден бір басты талабы азық сапасының жоғары сапалы және дұрыс базада болуы. Ол малдың өнімділігін арттыра түседі. Біздің ғылыми жұмысымыздың мақсаты: «Фелуцен» минералдық азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің сапасын анықтау [1].

Материалдар мен әдістер

«Фелуцен» минералдық азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің сапасын анықтау үшін Мемлекеттік стандарттың талаптарына сайкес ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сезімдік және зертханалық зерттеулерді ҚазҰАУ-нің «Ветеринариялық санитариялық сараптау» кафедрасының зертханасында жүргіздік. Барлық зерттеулердің нәтижесі бойынша сүттен 5 сынама алынып, сезімдік яғни сыртқы көрінісін, түсін, консистенциясын, иісін және дәмін анықтадық және зертханалық зерттеу әдістері арқылы сүттің сапасын анықтадық. Сүтті сезімдік зерттеу барысында иісіне, түсіне, дәміне және консистенциясына зерттедік. Сапалы таза балауса сиыр сүті, бөгде иіссіз және дәмсіз, тығыз және біркелкі консистенциялы, ақшыл сары түсті болады. Сүт бұзылғанда оның түсі қара-сұр, сары, қоңыр, жасыл болып келеді немесе түссізденеді. Бұзылған сүт

айқын өзгерісінің бірі – оның түсінің құбылуы. Сүтті таза шыны ыдысқа құйып алып, одан соң күндізгі жарықтың көмегімен сүттің түсін анықтайды. Иісін таза стаканға сүтті сезімдік жолмен анықтайды. Сүттің консистенциясын сүтті шайқап және бір мөлдір шыны ыдыстан екінші ыдысқа құю арқылы жүргізілді. Сиыр сүті сынамаларын әрі қарай зертханалық зерттеу барысында келесі көрсеткіштерге: тазалық , сүттің майлылығын, қышқылдығын, тығыздығын зерттедік. Сүттің қышқылдығын алдымен титрометрлік тәсілмен анықтап алғаннан кейін, тазалығын майлылығын, тығыздығын, қышқылдылығын анықтадық [2,3].

Зерттеу нәтижелері және талдау

Сүттің сезімдік көрсеткіштері төмендегі 1- ші кестеде беріліп отыр.

1- кесте Сүттің сезімдік зерттеу көрсеткіштері

№	Сезімдік кқрсеткіштері			
	Түсі	иісі	Консистенциясы	Дәмі
«Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүті				
1	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
2	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
3	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
4	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
5	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
Күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүті				
1	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
2	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
3	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
4	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу
5	Сарғыш ақ түсті	Өзіне тән	Біртекті, улпексіз	Аздап тәттілеу

1- ші кестедегі сезімдік зерттеулердің нәтижелері бойынша «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүті және күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүттерінің түсі сарғыш ақ, иісі өзіне тән, консистенциясы сұйық, біртекті, үлпексіз, дәмі аздап тәттілеу болды. Бұл көрсеткіштер бойынша сүт толығымен мемлекеттік стандарттың талаптарына сай.

Сүт сынамаларының зертханалық көрсеткіштерінің нәтижелері 2 –ші кестеде көрсетілген.

2 –кесте Тексерілген сүт сынамаларының зертханалық көрсеткіштері

№ сынама	Көрсеткіштер			
	Сүттің тазалық деңгейі, (топ)	Сүттің майлылығы, %	Сүттің тығыздығы,	Сүттің қышқылдығы, °Т,
«Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүті				
1	1	3,8	1,028	16
2	1	3,7	1,027	18
3	1	3,8	1,030	17
4	1	3,9	1,028	19
5	1	4,0	1,029	18
Орташа көрсеткіш	1	3,84±0,11	1,028±0,0007	17,6±0,31
Күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүті				
1	1	3,3	1,027	16
2	1	3,5	1,028	18
3	1	3,3	1,030	17
4	1	3,4	1,029	19
5	1	3,5	1,028	19
Орташа көрсеткіш	1	3,4 ±0,05	1,028±0,0007	17,8±0,41

1- ші кестеден көріп отырғанымыздай «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүті және күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүттерінің тазалық деңгейі бірінші топқа жатады, «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүттің майлылығы 3,84±0,11 % ал күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің майлылығы 3,4 ±0,05, сүттің тығыздығы , қышқылдылығы шамалас болды. Біздің зерттеуіміз бойынша «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің майлылығы күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің майлылығы 0,44 % жоғары болды.

Қорытынды

1. Сезімдік зерттеулердің нәтижелері бойынша «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүті және күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүті толығымен мемлекеттік стандарттың талаптарына сай.
2. «Фелуцен» минералдық - азықтық коспамен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің майлылығы күнделікті рационмен азықтандырылған сауын сиыр сүтінің майлылығынан жоғары болды. Қалған көрсеткіштері шамалас болды.
3. Біздің ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша «Фелуцен» азықтық қоспаны сауын сиыр рационына қолданған тиімді. Сүттің майлылығы жоғарылайды.

Әдебиеттер

1. Барақбаев Б., Сүт және сүт тағамдары, «Қайнар», Алматы, 1989.-170б.
2. Қырықбайұлы С.,Телеуғали Т.М., «Ветеринариялық санитариялық сараптау практикумы» Алматы, Агроуниверситет, 2007.-362б.

3. Житенко П. В., Боровков М. Ф. Ветеринарная санитарная экспертиза продуктов животноводства. Москва, Колос, 2000 г. с. 335.

Найманбеккызы А., Ромашев К.М., Жумагелдиев А.А, Аккозова А.С., Рожаев Б.Г

ВЕТСАНЭКСПЕРТИЗА И ОЦЕНКА МОЛОКА КОРОВ ПРИНИМАВШИЕ В РАЦИОНЕ МИНЕРАЛЬНО - КОРМОВУЮ ДОБАВКУ «ФЕЛУЦЕН»

В статье приведены органолептические и лабораторные показатели молока дойных коров, которые в рационе кормления принимали минерально - кормовую добавку «Фелуцен».

Ключевые слова: Фелуцен, добавка, корова, органолептические исследования, лабораторные исследования.

Naimanbekkyzy A.,Romashev K.M., Zhumageldiev A.A., Akkozova A.S., Rojaev B.G.

VETERINARY SANITARY EXAMINATION AND ESTIMATION OF MILK OF COWS ACCEPTING IN A RATION "FELUCEN"

The article presents the organoleptic characteristics of milk and laboratory dairy cows which in the diet took a feed additive 'Felucen'.

Key words: Felucen, addition, cow, sensory studies, laboratory tests.

ӘОЖ: 636.3.082.+ 636.3:612

Несіпбаев Т., Несіпбаева А.Қ., Жылқышыбаева М.М., Талпақов Б.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҰЯҢ ЖҮНДІ ДЕГЕРЕС ҚОЙЛАРЫ ҚАНЫНДАҒЫ ЛЕЙКОЦИТТЕР САНЫНЫҢ МАУСЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ МЕН ФАГОЦИТОЗ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Кілт сөздер: Ұяң ақ жүнді, ұяң сұрғылт жүнді, дегерес қойлары, лейкоцит, фагоцитоз белсенділігі,

Кіріспе

Қандай бір болмасын организмнің қалыпты физиологиялық жағдайын анықтау - биологияның маңызды проблемаларының бірі болып саналады. Организмге тән физиологиялық критерияларды анықтап алмай, малды өсіру, азықтандыру, күтіп-бағу мәселелерін оң нәтижелі шешіп, табысқа жету мүмкін болмайды. Бұл қағида барлық түлік үшін маңызды, соның ішінде еліміздегі мал шаруашылығының негізгі саласы – қой шаруашылығы үшін де. Соңғы онбес- жиырма жылдықта қой саны әлемде 11,6 пайызға, ал жүн өнімі 30 пайызға азайыпты. Қой санының кемуіне байланысты қой етінің бағасы 32,1 пайызға өсе түскен (Қ.Ү.Медеубеков т.б.). Осындай үрдістер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біздің елде де байқалды. Осының нәтижесінде Республикамыздың ішкі саудасында қой етіне деген үлкен сұраныс туындап, етті-майлы қой тұқымын қарқындата өсіруге мұқтаждық пайда болды [1]. Осымен байланысты мал басын көбейту, оның денсаулығын сақтау, өнімділігін арттыру мақсатында және мал дәрігірлік-санитариялық іс-

шараларды нәтижелі жүргізіп, қоршаған ортаның малдың физиологиялық күйіне әсерінің сипатын бағалау мақсатында биолог мамандар малдың, соның ішінде қойдың да, нақтылы өсіру аймағында физиологиялық-морфологиялық статусын жан-жақты зерттеулері қажет (Терентьев С.М.,1970,1978; Баймуканов А.А., 1982; Селимсултанова Л.А., 2010). Демек, өсіру ортасының жағдайына жақсы бейімделе алатын, генетикалық әлеуеті жоғары тұқымды таңдап, олардың басын көбейту қой шаруашылығының өзекті проблемаларының бірі. Баяндалған жайттармен және әлемде ашық түсті биязылау және қылшықты жүндерге сұраныстың артуымен байланысты республика қой шаруашылығында еті бағалы азық-түлік, ал жүні кілем-тоқыма өндірісі үшін құнды шикізат көзі болып табылатын биязылау және қылшық жүнді қой тұқымдарын көбейтуге бағытталған селекциялық жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Осындай жүйелі селекциялық жұмыстардың жемісі ретінде Қазақ ұлттық аграрлық университеті ғалымдарының [2] қатысуымен шаруашылыққа тиімді белгілерінің жоғары сапалылығымен ерекшеленетін дегерес қойының биязылау және ұяң жүнді тұқымдық типтері шығарылып, шаруашылықтарға таралуда. Мысалы, Республиканың шөл және шөлейт аймақтарында аудандастырылған дегерес қойлары нарық талабына сәйкес соңғы жылдары Алматы облысының тау бөктері аймақтарында өсіріле бастады. Ал, жаңа экологиялық аймаққа тап болған жануарлар өз тіршілігін сақтау үшін қоршаған ортаның құбылмалы жағдайларына мүлтіксіз бейімделуге мәжбүр болады, сондықтан оның организмінде бейімделу процестері толассыз жүріп отырады . Организмнің функционалдық жүйесінің қалыпты әрекетін қамтамасыз етуге қажет осы бейімделу процестерінің мәні мен механизмдерін зерттеу, организмнің бейімделгіштік қабілетінің заңдылықтарын анықтау - физиология ғылымының басым міндеттерінің бірі болып табылады [3,4,5]. Өкінішке орай жоғарыда аталған қой тұқымдарының функционалдық жүйелерінің, соның ішінде қан жүйесінің, жаңа экологиялық жағдайындағы қалыпты физиологиялық параметрлері, олардың маусымдық ауытқулары толық зерттелмеген. Бұл бағыттағы мағлұматтар зерттеу нысандарының қоршаған ортаның жаңа жағдайларына бейімделгіштік қабілетін физиологиялық тұрғыдан бағалау үшін қажет. Осымен байланысты түрлі генотипті құйрықты қойлардың интерьерлік қасиеттерін зерттеу, малдың орта жағдайына бейімделгіштік қабілетін физиологиялық тұрғыдан бағалаудың теориялық және практикалық маңызы зор. Біз таңдаған зерттеу нысаны – дегерес тұқымды қойлар, республиканың шөлейт аймақтарында іріктеліп өсіріліп, қазіргі кезде оның екі тармағы (типі) – биязылау және ұяң жүнді, Алматы облысының тау бөктерлік аймақтарында өсіріліп жүр. Осыған орай аталған қой тұқымының осы екі тармағының еліміздің таулы аймақтарының биогеохимиялық жағдайындағы физиологиялық параметрлері терең зерттелмеген. Оқырман қаперіне ұсынылып отырған біздің мақаламыз осындай олқылықты азайту мақсатында жүргізілген тәжірибелер нәтижесі болып табылады.

Талқылауға ұсынылып отырған бұл мақалада мемлекеттік тапсырыс негізінде атқарылған іргелі зерттеулердің «Денсаулық сақтауға, ауыл шаруашылығына және қоршаған ортаны қорғауға арналған ғылыми технологияларды құрудың биологиялық негіздері» атты Бағдарламасына сәйкес бастау алып, қазіргі кезде кафедраның ынталы тақырыбына айналған ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижелері баяндалған. Тәжірибелер Алматы облысындағы «Мәди» атты шаруа қожалығы жағдайында жүргізілді. Зерттеу нысандары ретінде асыл тұқымды ұяң жүнді дегерес қойлары (ҰЖДҚ) пайдаланылды. Тәжірибелер төрт серияда - қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі жайылым жағдайларында атқарылды. Физиологиялық бақылауда бас-аяғы 10 бас қой болды.

Тәжірибедегі малдан қанды жайылымға шығар алдында, ашқарын жағдайында, ойық венадан алдық. Ұю процесінен қанды гепарин көмегімен қорғадық та, оның морфологиялық құрамын PS-5 атты гематологиялық талдағыш көмегімен зерттедік. Лейкоциттер санын анықтау мақсатында 0,9 % физиологиялық ерітінді құйылған шыны ыдысқа 1:500

пропорциясында сұйылтылған қан сынамасына 3 тамшы «Lyzer Globin» реактивін қосып, гемолиз тудырдық. Араға 3 минут салып, қан сынамасын гематологиялық талдағыш детекторының астына қойдық та, лейкоциттер санын анықтадық.

Қанның фагоцитарлық белсенділігі – нейтрофильдердің жалпы санынан олардың фагоцитозға қатысқан санының пайыздық үлесін есептеу арқылы анықталды. Лейкоциттердің фагоцитарлық белсенділігін анықтау үшін әр топтағы малдан ішінде 0,05 миллилитр гепарині бар пәктелген (стерилизацияланған) пробиркаларға бір миллилитрден қан алынды. Әр побиркадағы қан антикагулянтпен ақырын және мұқият араластырылды. Осыдан соң әр пробиркадағы қанға бір тәулік бойы арнайы ортада өсіріліп, стандартқа сәйкес 1 миллиардтық E.coli (штамм 209, 997) өскіні (культурасы) бар 0,1 мл. мөлшерінде ақ тұнбалы сұйықтық құйылды. Пробиркалардағы қан ақырын араластырылып, 30 минутқа 37^0 С температуралы термостатқа қойылды. Осы мерзім өткен соң пробиркалардағы қаннан төсеніш шыныларына жұқа жағынды (мазок) дайындалды да, ол метил спирті арқылы бекітілді (кептірілді). Одан кейін жағынды Романовский-Гимза әдісімен боялды. Зерттеу барысынада кем дегенде 200 нейтрофиль тексеріліп, олардың фагоцитозға қатысқандарының саны пайызбен (процентпен) есептелініп шығарылды. Фагоцитарлық индекс - фагоцитоз кезінде бір нейтрофиль қарбыған микроб санының орташа шамасын анықтау арқылы есептелді.

Тәжірибеде жинақталған материалдар Н.А.Плохинский мен Е.А.Меркурьевалардың вариациялық статистика тәсілі негізінде «Biomet» компьютерлік бағдарламасы арқылы биометриялық өңдеуден өткізілді. Сенімділік көрсеткіші Стьюдент кестесі көмегімен анықталды. Мақалада сенімділік көрсеткіші P < 0,05 - 0,01 аралығындағы деректер ғана көрсетілді.

Осы тәжірибелерде қандағы лейкоциттер саны ақ жүнді қойларда көктемгі және жазғы жайылым жағдайларында біртіндеп артып, күзгі жайылым жағдайында айтарлықтай кеміді де, қысқы көрсеткіштен 30 пайызға жуық төмен болды. Сұрғылт жүнді қойлардың қанында лейкоциттер саны көктем және жазғы жайылым жағдайларында жоғары деңгейге көтерілді де, қысқы және күзгі жайылым жағдайларында бұл көрсеткіш 5 пайызға жуық кеміді (1- сурет).



Абсцисс өсінде: I–қыс, II- көктем, III- жаз, IV- күз; 1-Ұяң ақ жүнді және 2-Ұяң сұрғылт жүнді дегерес қойлары. Ординат өсінде: А- лейкоциттер саны, x10^9/л; Б-фагоцитарлық белсенділік, %; В- фагоцитарлық индекс, бірлік.

1 сурет - Ұяң жүнді дегерес қойлары қанындағы лейкоциттер саны мен фагоцитоз белсенділігі

Жыл маусымына сәйкес фагоцитарлық көрсеткіш пен фагоцитарлық индекс көрсеткіштері де ауытқып отырды. Фагоцитарлық белсенділіктің төмен деңгейі көктемгі жайылым жағдайында байқалса, жаз айларында бұл көрсеткіш ақ жүнді қойларда 10 пайызға, сұрғылт жүнді қойларда 15 пайызға жуық көтерілді. Ал қысқы жайылым жайындағы бұл көрсеткіш жаз бен күз айларына қарағанда төмен болғанымен, көктемгі көрсеткішке қарағанда қойлардың екі типінде де жоғары болды. Фагоцитарлық көрсеткіш көктем мен жазғы жайылым жағдайларында айтарлықтай өсті. Күзгі жайылым жағдайында бұл көрсеткіш 40 пайызға жуық төмендеп бірдей деңгейде тұрақтады.

Салыстырмалы түрде зерттелген дегерес қойының бұл типтерінің қанында жазғы жайылым жағдайында лейкоциттер саны айтарлықтай жоғарылады. Сонымен қатар, фагоцитарлық белсенділіктің қыс және көктемгі жайылым жағдайларындағы көрсеткіші төмен болса, ол жаз бен күз айларында айтарлықтай жоғарылады. Бұл жайтты сұрғылт жүнді қойлар организмінің резистенттігінің жоғарылығымен түсіндіруге болады.

Ғылыми әдебиетте күз және жаз маусымдарында қыс және көктем маусымдарымен салыстырғанда қанның көрсеткіштері жақсырақ болады [1] деп көрсетілген. Біздің деректерге қарағанда қан көрсеткіштерінде маусымдық өзгерістер байқалғанымен, дәл осындай қатал заңдылық анықталмады. Демек, қан көрсеткіштерінің динамикасына тек жыл маусымы ғана емес, малдың биологиялық ерекшеліктері мен олардың орта жағдайына бейімделгіштік қасиеттері де белгілі деңгейде өз ықпалын тигізеді.

Сонымен, біздің зерттеулерімізде байқалған жалпы заңдылық – лейкоциттер санының жыл маусымына байланысты ауытқып отыратыны: жаз және күз маусымдарында лейкоциттер саны көбейіп, қыс және көктем айларында – азайып отырды. Бұл жайтты жыл маусымына байланысты организмнің иммунологиялық күйінің өзгеріп отыруымен түсіндіруге болады. Көктем айларында жануарлар қабылдайтын азығының құрамындағы өзгерістерге байланысты әркез темір, белок, дәрмендәрілер (витаминдер) мен микроэлементтер тапшылығына ұшырайды. Мал қанындағы лейкоциттер саны жыл маусымына байланысты ауытқып отырады: жаз және күз маусымдарында лейкоциттер саны көбейіп, қыс және көктем айларында – азайып отырды. Демек, жыл маусымына байланысты организмнің иммунологиялық күйі өзгеріп отырады.

Қорытынды

Қан көрсеткіштері деңгейіндегі аутқуларға қарап, қой тұқымының физиологиялық жағдайына баға беруге болады. Бұл жайтты мал организімінің резистенттілігінің жоғарлылығымен түсіндіруге болады. Организмде лейкоциттердің антиденелер түзуі мен бөгде белоктарды залалсыздандыру қабілетіне ие екендігіне көз жеткіземіз. Қандайда болмасын сыртқы орта факторларының әсеріне қарсы тұру қабілеті мен төзімділігін байқауға болады.

Әдебиеттер

1. Садыкулов Т.С., Адылканова Ш.Р., Ким Г.Л. Курдючные овцы Казахстана // Вестник с/х. науки Казахстана. – 2003. - №4. - с 38-40.

2. Садыкулов Т.С., Адылканова Ш.Р., Нуртулеова Б.Е. Мясная продуктивность ягнят сарыаркинской породы в условиях Юго- востока Казахстана // Материалы международной конференций, посвященной 100- летию Ермекова М.А. Алматы 2006г .- с166-169

3. Емельяненко П.А. и др. Методические указания по тестированию естественной резистентности телят. - М., 1980.-С. 25-36.

4. Зайнчковский В.И., Косых В.П., Сатурн В.С., Дрофе В., Панютич М. Гематологические показатели крыс при выпайке озонированной водой // Мат. Учебно-метод. и научно – произ. конф: ин-та вет. Медицины Ом ГАУ.-Тез. докл.за 1995-1997 гг.- Омск: изд. ОмГАУ. 1998-с.48-49.

5. Даугалиева Э.Х., Сидоркин В.А., Семенов С.В. и соавт. Влияние ивермека на показатели иммунного ответа у животных // Ветеринария – 2000- №12.- с. 29-30.

Анализ результатов исследования показал, что на динамику показателей крови оказывают влияние не только сезоны года, но и породные особенности животных, продуктивные качества животных, экологические условия среды обитания. Дегерес со светло-серой окраской шерсти отличаются более спокойной реактивностью системы крови на изменения условий содержания, что свидетельствует об их хорошей приспособленности к условиям зоны разведения. Следовательно, продуктивность, воспроизводительная способность, адаптационные возможности к условиям обитания у этой внутрипородной группы животных, судя по уровню факторов естественной резистентности организма, должны выгодно отличаться от сравниваемой группы животных.

The analysis of research results showed that on the dynamics indicators blood appearing influence not only seasons of year but also pedigree features of animals, productive qualities of animals, ecological terms of habitation. Degeress with the pink-grey coloring of wool difference in more reactivity of the system of blood on the changes of terms of maintenance, that testifies to their good adjusted to the terms of zone of breeding. Consequently, productivity, reproductive ability, adaptation possibilities to the terms of habitation at this into breeding group of animals, judging on the level of factors of natural resistently of organism must advantageously difference from the compared group of animals.

UDC 636.021:619

Ospanov Y.K., Schots A.,Akhmetova G.D.

Kazakh national agrarian university

ROLE OF IMMUNE SYSTEM OF AN ANIMAL ORGANISM AGAINST ROUNDWORMS

Annotation

Nematode parasitism is a severe barrier to animal organism all over the world. Because, parasites adapted to every ecosystem and they diminish mainly profit of production animals. Review has done to show how an organism immune system responds to nematodes and treatment of body with different drugs. Sometimes drugs were effective when they were combined with other proper drug. First of all, it was founded that dendritic cells are inducers of cytokines like IL-6, IL-10and TNF-αwhich are resulted in inflammation and induction of IgE and eosinophils. As another immune system cytokine IL-25 was investigated. It induces mainly cytokines like IL-4, IL-5 and IL-13. They are also like dendrytic cells' cytokinesswiched to induce eosinophils and IgE. As a result, eosinophils suppressed second larvae infection. Meanwhile, IgE suppressed nematodes by binding proteins from infecting worm.

***Key words**:* nematodes, dentritic cells, eosinophils, IgE.

Introduction

One of the main functions of an organism is to protect against invading bacteria, viruses, fungi and worms. The immune system is a complex organ that acts against indicated pathogens. The immune system consists of two mains parts: innate and adaptive immunity. When pathogens invade an organism the innate immune system will respond first. It is carried out by neutrophils, macrophages, natural killer cells and granulocytes. If innate immune system cannot cope with pathogen, adaptive immunity will respond to suppress the invading pathogen.They are antigen

presenting dendritic cells and macrophage, antigen dependant T and B cells. Localization of immune system cells are central(thymus and bone marrow) and peripheral (lymph nodes, appendix, Payer's Patches, spleen) organs. After signaling of pathogen cytokines are released into blood for further antihelminthicreactions.

Word "parasite" comes from Greek "*parasitos*" *para*-alongside, *sitos*-food. As I understand, this can be explained as: "eating at the side of, when both seated at the same table". Parasites are organisms which gain feed and defense from other organisms. Parasites can be found as protozoan, helminthes and other flying organisms. Flukes, tapeworms and nematodes are classified as helminthes.Phylum nematode approximately has 1 million species. Nematodes have successfully adapted to every ecosystem.Also they are found in most systems of an animal organism. They are found in eye:*Thelaziacaliforniensis, Thelaziacallipaeda,* brain: *Halicephalobusgingivalis, Toxocaracanis, Toxocaracatis* gastro-intestinal tract: *Enterobiusvermicularis, Enterobiusgregorii*, connective tissue: *Loa loa filarial, kidney*: *Dioctophymerenale*, andmuscle: *Trichinellaspiralis, Trichinellabritovi.*

Upon invasion by parasitic worms the immune system is initially activated. However, the immune system is often not able to eliminate parasites from the body. The reason might be that nematodes can find way to reach an organism. Sometimes roundworms manipulate an organism. As a result there are no clinical signs, but parasites inside the body. At the first it seems like animals can bear Nematodes chronically, but that is the consequence of a parasite which manipulate host and inside the organism. That would be too late even impossible to be free from parasites. Finally, animal might die. The only way is to treat an animal with drug and let them to continue to live. Normally, most systemic diseases can be treated by agonizing or antagonizing of receptors of diseased organism.However, parasite treatment works completely in another way. Parasite mostly suppressed by blocking animals' challenge, in growth and reproduction. The most efficient treatment will be shown in the main part of the review.

We all know that, parasites from economic point of view bring us huge amount of losses. They are: death of an animal, other diseased animals by direct and indirect contact, reduction in milk production, meat amount, drug expenditures, and food additives. Let's defend our productive animals from parasites! This process might be done by increasing hygiene of pasture.

Materials and methods

The research was done in Wageningen University of Life sciences, Animal sciences faculty in 2015. Research methods: clinical, parasitological (helmintoovoscopical, haemotological, pathological) have been done in laboratory animals. They are: mice, guinea pigs and rabbits.

Discussion

Activation of cytokines by dendrytic cells.As a first example in this review I would like to begin with dendritic cells (DC). They are antigen presenting cells that have a key role in the regulation of the immune response. There are four main functions of DCs in an organism. They are: presentation of an antigen and subsequent activation of helper T cells (Th2) response, inducing and maintaining of immune tolerance and continuing of immune memory. In this review I would like to explain howBalic et al., - (2009) showed DCability in activation of cytokines and their subsequent effect on T cell in their response against roundworms.DCs in the intestine of mice, they infected with*N. brasiliensis* and *H. polygyrus*. During the exploration of mesenteric lymph nodes of intestine of mice against nematode induced IL-10, IL-6 or TNF-a cytokines. Subsequently, inflammation might occur after induction of IL-6 and TNF-a. As an outcome after essential induction of cytokines and binding to adaptive immune response DCs might also promote eosinphilic and IgE responses.As an example, administration of 1000 Toxocaracanis eggs orally into mice resulted in pulmonary inflammation. Where there are increase in eosinophils, IgE and cytokine IL-5, airway hyper-reactivity were seen. As background then inflammation might show anatomical symptoms such as: redness, loss of function, swelling, pain and heat. Clinical

symptoms resulted in wheezing, coughing and episodic airflow obstruction when eosinophils, IgE and IL-5 increased.
(Pinelli et al., 2005)

Eosinophils control secondary infection of T. spiralis. As a challenge of DCs Eosinophils are cells which develop in the bone marrow and play a key role in killing parasitic worms. Eosinophils not only combat adult worms but also their eggs and larva. However, in a research of Lu Huang at al. showed that eosinophils support the larva growth. By infecting mice with eosinophil ablated mice, it was founded that eosinophils required for growth and survival of the larvae in the muscle.By being beneficial for the larva, eosinophils control production of NO by inducing IL-10 in the skeletal muscle. This showed us there can be some opposite results between in vitro and vivo investigation. Eopsinophils resulted positively against secondary infection of *TrishinellaSpiralis*. Although, eosinophil ablated mice had no effect on Gastro-Intestinal tract immunity, it was only affected positively skeletal muscle. Even if eosinophils support primary infection, it works against secondary infection. I believe that, as shown in the research eosinophils always might reduce the colonization and migration of nematodes in the body of muscle cells.

IL-25 activation suppressTrichinellaspiralis.IL-25 is another important cytokine which can be helpful in switching from Th2 response to produce IgE. As a result, IgE might work against parasites. IL-25 is a cytokine that activate NF-kB and induce the production of IL8. IL-25 can be secreted by Mast cells and Th2 helper T cells. It belongs to family of IL-17. Also IL-25 induces other cytokines such as: IL-4, IL-5 and IL-13. This cytokine is really helpful in staying against GI tract inflammation and breast cancer cells. Angkasekwinai et al., - 2013 showed that IL-25 might induce cytokines to defend an organism against *Trichinellaspiralis*. Investigation was made in mice and I believe that this response will work on other productive animals too. Firstly, organism was checked by treating IL-25, as a result the number of larvae reduced in a muscle of mice in the late stage of *T. spiralis* infection. I also can indicate that normally organism can answer without any treatment. However, next step was to neutralize the activity of IL-25 by treating with antibody control rat IgG, as I expected mice failed to reduce the number of *T. spiralis* larvae in the muscle. That was proved by counting the numbers of larvae after treatment. Also I want to indicate that, larvae after additional treatment with IL-25 was completely eliminated after 7 days.

IgE cytokine induced anti-parasitic response. After Th2 response cytokines and eosinophilsswith to response IgE, it was found thatIgE and its receptors target proteins found in the helminthes. There are well known proteins such as EF hand domain, PR-1 and topomyosin which belong to nematodes. They are all proteins that interact with IgE during the infection. For example, EF hand domain is one of the important proteins from found in *Anguilla japonica, Anisakis simplex, Blattellagermanica*. The code of allergen is (AF007). EF hand domains are mostly signaling proteins such as calmodulin and troponin C which undergo a conformational change upon calcium binding. Another important allergen is PR-1. This protein has AF044 number in official site. These proteins founded in *Ctenocephalidesfelis, Dolichovespulaarenaria, Polistesexclamans, Glossinamorsitans.* That is why, IgE is very important in killing parasites.

Conclusion

Immune system plays huge role in staying against roundworms. First of all, in this review activation of DC were discussed. DCs increased in number against N. brasiliensis and H. polygirus. These nematodes enhanced IL-10, IL-6 and TNF cytokines.Also stress made on inflammation. During the inflammation after released cytokines there might be found some physical and chemical changes in an organism. Changes might bring symptoms like pain, redness, loss of function, swelling and temperature increase. Indicated cytokines promoted activity of eosinophils and IgE. However, it was founded that eosinophils are supporters of primary infection, only suppressors of secondary infection. The next important capable cytokine is IL-25. This cytokine belongs to IL-17 family and activates other cytokines like; IL-4, IL-5 and IL-13. Overall, they reduced the number of *T. spiralis* in an organism. However, when IL-25 was blocked, the number of *T. spiralis*

was not reduced, otherwise its number increased in an organism of mice. Cytokines activated by IL-25 might be switched to IgE. Later on IgE bound to EF hand domain, PR-1 and topmyosin of nematodes to induce immune response. This is the way organism responds to pathogens. For veterinarians main goal is to treat and rescue animals from death and other systemic disturbances. Parasitic nematodes can cause lots of economic looses. From one point the only profit is to lots of money can be spent on improving the pasture, adjusting of some food adjuvants, using drugs.From another point, lots of drugs can be used to make better life for productive animals. As a result, production will go down, meat amount will be diminished. This subtopic should be studied more and it was left to the next review.

Literature

1. A. Lifschitz, C. Entrocasso, L. Alvarez, M. Lloberas, M. Ballent ,G. Manazza, G. Virkel, B. Borda, C. Lanusse. Interference with P-glycoprotein improves ivermectin activity against adult resistant nematodes in sheep. Veterinary Parasitology 172 (2010) 291–298.
2. Adam Balic, Katherine A. Smith, Yvonne Harcus, Rick M. Maizels. Dynamics of CD11c + dendritic cell subsets in lymph nodes draining the site of intestinal nematode infection. Immunology Letters 127 (2009) 68–75.
3. AngkasekwinaiPornpimon, PotjaneeSrimanote, Yui-Hsi Wang, AnekPootong, YuwapornSakolvaree, KovitPattanapanyasat, WanpenChaicumpa, SansaneeChaiyaroj, Chen Dong. Interleukin-25 (IL-25) Promotes Efficient Protective Immunity against Trichinellaspiralis Infection by Enhancing the Antigen-Specific IL-9 Response. Infection and Immunity(2013) 3731–3741.
4. Alasdair J. Nisbet a,∗ , Tom N. McNeilly a , Louise A. Wildblood a , Alison A. Morrison a , David J. Bartley,Yvonne Bartley, Cassandra Longhi, Iain J. McKendrick, Javier Palarea-Albaladejo, Jacqueline B. Matthews. Successful immunization against a parasitic nematode by vaccination with recombinant proteins. Vaccine 31 (2013) 4017– 4023.
5. Celia Arroyo-Lopez, FoteiniManolaraki, AnastasiosSaratsis, KaterinaSaratsi, AlexandrosStefanakis, VasileiosSkampardonis, NikolaosVoutzourakis, HervéHoste, and SmaragdaSotiraki. Anthelmintic effect of carob pods and sainfoin hay when fed to lambs after experimental trickle infections with Haemonchuscontortus and Trichostrongyluscolubriformis. Parasite(2014), 21-71.
6. James P. Hewitson, John R. Grainger, Rick M. Maizels. Helminthimmunoregulation: The role of parasite secreted proteins in modulating host immunity. Molecular & Biochemical Parasitology 167 (2009) 1–11
7. Lu Huang, Nebiat G. Gebreselassie, Lucille F. Gagliardo, Maura C. Ruyechan, Kierstin L. Luber, Nancy A. Lee, James J. Lee and Judith A. Appleton. Eosinophils Mediate Protective Immunity against Secondary Nematode Infection. Immunol (2015) 194:283-290.

Оспанов Е.К., Скотс А., Ахметова Г.Д.

РОЛЬ ИММУННОЙ СИСТЕМЫ ОРГАНИЗМА ЖИВОТНЫХ ПРОТИВ КРУГЛЫХ ЧЕРВЕЙ

Паразитизм нематодявляется серьезнымпрепятствием дляорганизма животныхво всем мире. Потому что, паразиты адаптированы каждой экосистеме и они уменьшают прибыль, в основном производственных животных. Результаты исследовании доказали, как организм реагирует на иммунную систему нематод. Иммунитет, прежде всего, был основан на дендритных клетках, которые являются индукторами цитокинов, таких как IL-6, IL-10 иTNF-альфа , которые приведены в воспалениии индукцииIgEиэозинофилов. В качестве

другого цитокина иммунной системы был исследован ИЛ-25. Это вызывает в основном цитокины, как IL-4, IL-5 иIL-13. Они в то же время как и цитокины дендритных клеток индуцируют эозинофилыи IgE.

Ключевые слова: **н**ематоды, дендритные клетки, эозинофилы, IgE.

ОспановЕ.К.,Скотс А., АхметоваГ.Д.

ЖАНУАРЛАР ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫР ҚҰРТТАРҒА ҚАРСЫ РОЛІ

Жумыр құрттар паразитизмі әлемде жануарлар ағзасына негізгі кедергі болып табылады. Паразиттер әрбір экожүйеге бейімделген,сонымен қатар олар продуктивті жануарлар өндірісін қысқартуға. Иммунитет, ең алдымен, IgE және эозинофил индукция көрсетілген осындай IL -6, IL -10 және TNF-альфа ретінде цитокиндер индукторлары болып дриттік қуысы, негізделген болып табылады. Басқа цитокиндік иммундық жүйесі IL -25 зерттелді ретінде. Бұл IL -4, IL -5 және IL -13 сияқты негізінен цитокинов туғызады. Олар цитокиндер дендриттік жасушалар, эозинофилы және IgE итермелейді бір уақытта болып табылады.

Кілт сөздер*:* жұмыр құрттар, дендритті жасушалар, эозинофилдер, IgE.

ӘОЖ: 637.12'6: 579. 264

Пердебаева Қ.Б., Хусаинов Д.М., Әбеуов Х.Б.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

СҮТҚЫШҚЫЛДЫ БАКТЕРИЯЛАРДАН ЖЕРГІЛІКТІ ШТАМДАРДЫ БӨЛІП АЛУ ЖӘНЕ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ

Аннотация

Мақалада сүт өнімдерінен бөлініп алынған лактобактериялардың бірқатар биологиялық қасиеттерін зерттеу жұмыстарының нәтижелері берілген.

Кілт сөздер: пробиотик, лактобактериялар, сүтқышқылы бактериялар, микрофлора.

Кіріспе

Сүт өнімінің құрамындағы адам және жылы қанды жануарлардың қалыпты микрофлорасында тіршілік етушілердің белсенді штамдарын бөліп алып, бөлініп алынған дақылдардың белсенді штамдарымен байытылған пробиотикалық сусын алу маңызды мәселе болып табылады. Себебі, қазіргі таңда түрлі молекула-биология, микробиология әдістерінің заманауи жетістіктерін қолдану арқылы жоғары мүмкіндіктерінің нәтижесінде сүтқышқылды бактериялардың түрлі маңызды қасиеттері күннен күнге анықталып келеді.

Қазіргі кезде биотехнология ғылымының өзекті және маңызды бағыттарының бірі пробиотикалық препараттар мен функционалды тағамдарды өндіруге қажетті лактобактериялардың қасиеттерін зерттеу, олардың өндіріске маңызды жаңа штамдарын алу болып отыр [1].

Сүтқышқылды бактерияларының антибиотикалық заттарды түзетін және бөгде микроорганизмдерге бактерицидтік, бактериостатикалық антагонистік әсер ету қасиетіне байланысты оларды тағам өнеркәсібінде және емдік мақсатта кеңінен қолданылады. Бұл жағынан алып қарағанда жаңадан штамдарды бөліп алу, бұрыннан белгілі сүт биотехнологиясында қолданылып жүрген сүтқышқылды бактерияларын сақтау және осы бактерияларды негізге ала отырып, биопрепараттарды, сапалы сүт қышқылды өнімдерін

даярлау жұмыстарына пайдалану өте жақсы нәтижелер беріп, едәуір қызығушылық көрсетіп отыр [2, 3]. Лактобактериялардың морфология-дақылдық, физиология - биохимиялықжәне пробиотикалық қасиеттері зерттелініп, белсенді штамдарының қатысындағы поликомпонентті ұйытқылардың негізінде пробиотикалық сусын алынды.

Қазіргі кезде мұндай функциональдық және пробиотикалық сүтқышқылды өнімдердің адам денсаулығын сауықтырудағы практикалық маңызы жоғары болып отыр. [4]. Сүт қышқылды бактериялар адам өмірінде маңызды орын алады. Олардың өнімдері адам өмірінде зат алмасу мен денсаулығын сақтап тұратын метаболизм процесі нәтижесінде түзілетін бір қатар өнімдерінің ерекшелігімен байланысты. Сондықтан әлемдік әдебиеттерде соңғы жылдарда сүтқышқылды бактериялардың қасиеттері және олардың жаңа қасиеттері ашылуы, сонымен қатар оларды өндірісте, ауыл шаруашылығында, ветеринария мен медицинада кеңінен қолдану мәселелеріның қазіргі таңда жоғары бағаланып отыр [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жалпы сүт қышқылды бактерияларды ашу процесінде негізгі өнім ретінде сүт қышқылын түзу қабілетіне байланысты, оларды жеке кең топқа біріктіреді. Сүт қышқылды бактериялар қозғалмайды, спора түзбейді, Грам әдісі бойынша оң болып боялады, пигмент түзбейді, нитраттарды нитритті тотықсыздандырмайды. Бірақ, соңғы жылдарда белгілі болған штамдардың қасиеттері ерекше екендігі байқалды. Олардың қозғалғыш екендігі, нитратты нитритті тотықсыздандыратыны, спора түзетіндігі және каталазалы оң екендігі анықталды. Сүт қышқылды бактериялар клетка пішініне байланысты – таяқша және кокка формалары болып келеді [2, 6].

Жұмыста зерттеу объектісі ретінде сүт өнімдерінен бөлініп алынған лактобактериялар алынды. Сүт өнімдері ретінде үй қымызы мен сүзбесі және «Адал» сүзбесі таңдап алынды. Осы таңдап алынған өнімдерден 4 дақыл бөлініп алынды. Алынған дақылдардың 1-уі Lactobacillus туысы және 3-і Lactococcus туысы өкілінен екені анықталды.

Үй қымызынан 2 лактобактерия өкілі: Lactococcus lactis МГ-15, Lactococcus sp. ГК4, үй сүзбесінен 2 лактобактерия өкілі: Lactobacillus spp. С16 және Lactococcus sp. ГС5.

Жұмыста дақылдарды бөліп алу үшін және морфологиялық, дақылдық қасиеттерін зерттеуде мынадай қоректік орталар қолданылды: майсыздандырылған сүт, гидролизденген сүт, MRS, ЕПА, Сабуро және лактобактерияларға арналған дифференциалды орта [7].

Лактобактериялардың таза дақылдарын бөліп алуда кеңінен тараған әдістердің бірі – тығыз қоректік ортаның бетіне егіп, бөлек колонияларды бөліп алу. Ол үшін екі әдістің біреуін қолданады: реттік сұйылту және қатты ортаның бетіне сиректетіп егу әдісі.

Клетка пішінін анықтау. Клетканың пішінін тірі немесе боялған препарат жасап микроскоп арқылы көреді. Тірі препараттарды фазалы-контрасты құрылғымен, боялған препаратты иммерсионды жүйемен көреді. Кейбір микроорганизм клеткаларының пішіні даму барысында өзгеріп отырады, мысалы микобактериялар. Сондықтан тәуліктік дақылдармен бірге 10-12 сағаттық және 3-5 тәуліктік дақылдардың клеткаларын көру керек. Лактобактериялардың физиологиялық-биохимиялық қасиеттері келесі әдістер бойынша зерттелді:

- температураға қатынасы;
- ортаның сілтілі реакциясына төзімділігі;
- метилен көгін тотықсыздандыруын анықтау;
- фенолға төзімділігі;
- желатинді ыдырату қабілеттілігі;
- глюкозаны ашыту барысында көмірқышқыл газын түзуі;
- көмірсуларды және спирттерді ыдыратуы;
- қышқыл түзу энергиясы;

Сүтқышқылды бактериялардың белсенді пробиотикалық қасиеті төмендегідей әдістер арқылы анықталды:

- ас тұзына тұрақтылығы;
- өттің әртүрлі концентрациясында өсуі;
- антагонистік белсенділігі;
- антибиотиктерге сезімталдылығы

Сүтқышқылы бактерияларының ас тұзына тұрақтылығы RaCl-дың әртүрлі концентрациясы (2,4,6%) бар гидролизденген сүтте анықталады. Зерттелінетін дақылды тұзақпен алып, 8-10 мл гидролизденген сүтке егеді (рН 6,8-7,0). Егілген культураны 48 сағат 370С температуралы термостатта дақылдайды. Дақылдың төзімділігі бақылаумен салыстырғандағы өзгерісін анықтауға негізделеді. Қышқыл түзу белсенділігі сүт қышқылы бактерияларының минимальді мөлшерімен (0.1 мл) залалданған майсызданған сүтте 17 сағат ішінде жинақталған сүт қышқылының мөлшерімен анықталынды. Зерттелетін дақылдың 0,1 мл мөлшерін 10 мл майсызданған сүті бар пробиркаларға егіп, 37°С температурада термостатта дақылданады. 17 сағаттан кейін қышқыл түзу белсенділігін 0,1Н RaOH пен фенолфталеин индикаторы қосылған ерітінді көмегімен Тернер әдісі бойынша анықталынды.

